ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

AIQYN

СӘРСЕНБІ
№110 (3967)
28.07.2021

www.aikyn.kz e-mail: aikyngazeti@gmail.com www.facebook.com/aikyn.kz @aikyngazeti

АҚМОЛА ӨҢІРІНІҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР

Ақмола облысына жасаған жұмыс сапары барысында Қасым-Жомарт Тоқаевқа аймақ әкімі Ермек Маржықпаев өңірдегі жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобалар мен Көкшетау қаласының даму перспективалары туралы есеп берді. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Президентке аймақтың негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері, агроөнеркәсіп, туризм, тау-кен металлургиялық кешені, машина жасау, құрылыс индустриясы, энергетика және басқа да салалардағы инвестициялық жобалар таныстырылды.

Облыс әкімінің есебін тыңдаған Мемлекет басшысы өңірді дамытудың басым бағыттарын белгілеп берді.

Мемлекет басшысы Қосшы ауылына облыстық маңызы бар қала мәртебесін беру туралы шешімін түсіндірді.

– Бұл шешім, ең алдымен Қосшы тұрғындарының өмірін жеңілдету мақсатында қабылданды. Онда қағаз бойынша 40 мыңға жуық тұрғын өмір сүреді. Шын мәнінде, ол жерде 80 мың адам тұрады. Олар тұрмыстық мәселелерімен облыс орталығы Көкшетауға баруға мәжбүр болады. Оған көп уақыт, күш жұмсайды. Әрине, бұл тұрғындардың жүйкесін жұқартады. Сондықтан қаланың әкімшілік мәртебесін өзгертетін осындай шешім қабылданды. Мен мұны дұрыс шешім деп есептеймін, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Көкшетау қаласының тұрғындарына берген уәдесінің орындалуы және жылу электр орталығының құрылысына кірісу қажет екенін айтты.

Президент ауыл шаруашылығы машиналарын жасау ісін дамыту мәселесіне назар аударып, Көкшетау қаласы осы саладағы басты тірек орталықтарының бірі екенін атап өтті.

– Бүгін мен Қазақстанның ауыл шаруашылығы державасына айналуы тиіс деп айттым. Бұл – өршіл, бірақ қол жеткізуге болатын мақсат. Осы ретте облыстың рөлін асыра бағалау қиын. Бұл бағытта біз мемлекетіміздің ауыл шаруашылығы әлеуетін күшейтуге бағытталған Ақмола облысының күш-жігерін қолдаймыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы әкімдіктің тұрғын үй құрылысы жөніндегі жоспарын қолдады. Оның пікірінше, әлеуметтік тұрғын үй бөлу мәселесін реттеу қажет.

Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын өткізу туралы шешімнің дұрыстығына тағы бір рет тоқталды. Президенттің айтуынша, сайлау ашық әрі әділ өтті. Тұрғындар тарапынан ешқандай шағым түскен жоқ.

– Енді жергілікті әкімдер өздерін сайлаған азаматтардың алдында тікелей жауап береді. Олардың өз бағдарламалары болды. Сол бағдарламаларды жүзеге асыруы қажет. Сонымен қатар облыс әкімдері сайланған азаматтарға көмектесуі керек. Осы ретте мен мына мәселеге ерекше мән бергім келеді. Сайланған әкімдер өздерінің кездейсоқ сайланбағанын іспен дәлелдеуі қажет. Олар өз бағдарламаларын сөзбен емес, іспен орындауы тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

АЙМАҚ ЖЕТІСТІКТЕРІМЕН ТАНЫСТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақмола облысының орталығы Көкшетау қаласына жұмыс сапарымен келді. Сапар барысында Президент бірқатар кәсіпорындардың жұмысымен танысып, жаңадан сайланған ауыл әкімдерімен кездесті. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Президенттің Ақмола облысына жұмыс сапары VECTOR410KZ және ACROS астық жинау комбайндарын құрастыратын KazRost Engineering Ltd. кәсіпорнының жұмысымен танысудан басталды.

Компания директоры Қайрат Қалманбаевтың айтуынша, былтыр 29,5 миллиард теңгеге 504 комбайн шығарылған. Мемлекет басшысы компанияның шығарып жатқан өнімі Қазақстанның солтүстік өңіріндегі тың жерлер үшін маңызды екенін атап өтті.

Содан соң Қасым-Жомарт Тоқаев Ақмола облысының жаңадан сайланған ауыл әкімдерімен кездесті.

– Шын мәнінде, ел тарихында осындай сайлау алғаш рет ашық әрі әділ өткізіліп отыр. Халық тарапынан ешқандай шағым түспеді. Мұндай сайлау болған емес. Біз сайлауды біреуге ұнау үшін емес, азаматтардың тұрмыс сапасын жақсарту үшін өткіземіз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Көкшетау қаласындағы Bolashaq saraiy ғимаратында Мемлекет басшысы көрме залы, 3D жобалау лабораториясы, киберқауіпсіздік, Lego Mindstorms, өнеркәсіптік интернет заттары, электроника және жаңартылған энергия көздері кабинеттерімен танысты.

Балалар Көкшетаудағы 1 172 орындық сарайда ғылыми-зияткерлік, шығармашылық және спорт бағыттары бойынша жұмыс істейтін 76 үйірмеден қосымша білім алады. Президент сарайдағы шәкірттермен онлайн режимде сөйлесіп, олардың оқуына табыс тіледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ақмола облысындағы қазіргі COVID-19 індетіне қатысты ахуалмен және өңірдегі денсаулық сақтау қызметінің жағдайымен танысты.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев қатерлі ісік ауруының белгілері бар және осы дерт бойынша есепте тұрған науқас адамдарға консультативті-диагностикалық көмек көрсетуге мамандандырылған онкологиялық емханаға аралап көрді.

Президент денсаулық сақтау саласының мамандарына қажырлы еңбегі үшін ризашылығын білдірді.

– Медицина қызметкерлерінің жұмысына, әсіресе пандемия кезеңінде салмақ түсіп отыр. Еңбек демалысына да бармай, сенбі-жексенбі күндері де дамыл көрмей жұмыс істеп жүргені үшін медицина қызметкерлеріне алғысымды білдіремін. Дәрігерлерге өте қиын, бірақ біз оларды қолдаймыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Одан соң Мемлекет басшысы John Deer маркалы ауыл шаруашылығы техникаларының барлық түріне қызмет көрсететін ТМД-дағы ең ірі сервис орталығының жұмысымен танысты.

Ыстыққа да шыдай алмады

Токио Олимпиадасындағы теннисшілеріміздің жағдайы мәз емес. Ерлер арасында Михаил Кукушкин бірінші айналымда екінші кезеңнен ары аса алмады. Ал әйелдер арасында сынға түскен үш бірдей теннисшіміз бірінші кезеңді орта жолдан аяқтады. Байрақты бәсекеде ел сенім артқан Зарина Дияс, Юлия Путинцева және Ярослава Шведова жазғы Олимпиада ойындарындағы антирекордты жаңартты. Ойыннан бас тартты.

8 ▸▸

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛНАМАСЫ: 28 ШІЛДЕ

1995 жылғы 28 шілдеде Қазақстан Республикасының Президенті 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдум өткізу туралы қаулыға қол қойды. Ал кейін аталған референдум нәтижесіне сәйкес Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасы қабылданды.

2003 жылғы 28 шілдеде Ұлттық банк номиналы 10 000 теңгелік банкнотты айналымға енгізді.

2012 жылғы 28 шілдеде Александр Винокуров XXX жазғы Олимпиада ойындарының алғашқы жарыс күнінде топтық жарыста бірінші орын алып, алтын медальға ие болды. Бұл Лондон Олимпиадасындағы Қазақстанның алғашқы алтыны еді.

Ауыл байланыс аясынан тыс жерде

Үкімет елдегі интернет желісінің 100 пайызға жақындап қалғанын айтып жылда жұбатады. Бүгіннің өзінде елді мекендердегі жұрт айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алып отырған көрінеді. Алайда өткен жылы қашықтан оқу үрдісіне көшкенде жоғарыда айтылған сөздің қаншалықты шындыққа жанасатынын көзбен көрдік.

6 ▸▸

Су керек, су!

Қазір еліміздің барлық өңірінде су тапшылығы сезіліп жатыр. Ал ірі қалаларда көлікті техникалық емес, ауызсумен жуатын орындар көп. «Судың да сұрауы бар» дегендей, енді тіршілік нәрін дұрыс тұтынуды білмесек, онсыз да жартылай шөлейт құрлығымызды шөлге айналдыруымыз ықтимал. Бұл мәселені Үкімет те мойындап отыр.

ӘЛЕМДІ ШӨЛ ҚЫСЫП БАРАДЫ

Жалпы, XXI ғасырда жер шарындағы парник эффектіне және климаттық өзгерістерге байланысты біраз ел қуаңшылыққа ұшырап жатыр. Мысалы, қазір 2,21 миллиард адам таза суға зәру десек, су сапасының төмендігі салдарынан 4,52 миллиард адам санитарлық талапқа сай өмір сүре алмай отыр. Ең сорақысы, жыл сайын 3 миллиардтан астам адам сапасыз судың кесірінен пайда болатын дерттерден зардап шегеді екен. Оның ішінде әр жылы 5 жасқа толмаған 300 мыңға жуық бала жұқпалы ішек ауруларынан көз жұмып жатыр.

БҰҰ мамандарының 20 жылға жасаған көлемді есеп құжатында осы ғасырда шамамен 130 ел қуаңшылықтан зардап шегуі мүмкін екені ескертілген. Ал ЮНЕСКО-ның әлемдік су есебіне сүйенсек, 2030 жылға дейін су тапшылығы әлем көлемінің 40 пайызына тарайды-мыс. Дүниежүзілік банк сарапшылары да «2050 жылға қарай Орталық Азиядағы су тапшылығы өңірдегі жалпы ішкі өнімді 11 пайызға төмендетуі мүмкін» деп болжаған. Осындай мысалдар негізінде, табысы төмен және орта деңгейдегі 140 елдің суға қол жеткізуі үшін 2016-2030 жылдар аралығында бөлінуі тиіс жылдық қаражат 114 миллиард долларға жетіп отыр.

(Жалғасы 6-бетте)

Еңбек дауы өршіп тұр

Солтүстік Қазақстан облысында соңғы кезде еңбек даулары көбейіп кетті. Облыстық соттың мәліметіне сүйенсек, былтырғы жылдың бірінші жартыжылдығында сотқа 94 талап-арыз түскен болса, биылғы сәйкес кезеңде істердің саны 40,8 пайызға артып, 159 іс қаралған.

Сотқа жүгінгендердің басым бөлігі – 89 адам өздерінің еңбекақыларын даулаған. Солтүстік Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының төрағасы Айдар Смағұловтың айтуынша, өңірде мұндай істердің күрт көбеюіне – Айыртау ауданындағы «Жарқын-СК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өз жұмысшыларына еңбекақысын төлемей отырғаны себеп. «Еңбекақыларын алу мәселесін қазір жұмысшылар нотариус арқылы шешуге құқылы. Ол үшін бірінші басшының қолы қойылған анықтама болуы керек. Кәсіпорынның басқа қалада тұратын басшылары сол анықтамаға қол қоймай жүр. Сондықтан 30 шақты адам сотқа жүгінуге мәжбүр болды. Бұған дейін де 5-6 іс қаралған. Сөйтіп, бір кәсіпорынға қатысты істің саны 30-дан асып кетті» деп түсіндірді Айдар Әскербекұлы.

Бұл кәсіпорынды тексеру үшін еңбек инспекторлары да кіре алмай жүрген көрінеді. Сот түсіндіргендей, бұған да басшылықтың тексеріс тағайындау туралы құжаттарды қабылдамай отырғаны қолбайлау. Бұл мәселемен енді прокуратура айналыса бастады.

(Жалғасы 7-бетте)

Білім грантына 75 мың талапкер өтініш берді

Биыл 75 мың талапкер білім гранттарын тағайындау конкурсына қатысуға өтініш берді. Құжаттар 16-26 шілде аралығында қабылданды. Байқау нәтижелері 15 тамызға дейін жарияланады. Бұл туралы Білім және ғылым министрлігі хабарлады.

Үміткерлер арасында 7 054 «Алтын белгі» иегері, 576 халықаралық және республикалық олимпиадалардың жеңімпазы, сондай-ақ патриоттық сезімі мен белсенді азаматтық ұстанымы үшін үздік белгісімен марапатталған 705 бала бар. Олардың балы тең болған жағдайда басым құқыққа ие болады.

«Сонымен қатар биыл БҒМ алғаш рет халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларға квота бөлді. Енді жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, төрт және одан да көп кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балалар, толық емес отбасылардан шыққан балалар, ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балалар, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша жоғары оқу орындарына түсу мүмкіндігі артты. Оларға арнайы гранттар бөлінген. Кәмелетке толмаған төрт және одан көп бала тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар үшін гранттардың жалпы санының 5%-ы, кемінде үш жыл толық емес отбасы мәртебесі бар отбасылардан шыққан балаларға – 1%, I, II топтағы мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан түлектерге білім беру гранттарының 1%-ы көзделген», – деді БҒМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің директоры Әділет Тойбаев.

Сондай-ақ ауыл жастары арасынан шыққан азаматтар үшін ауылдардың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтарға және Қазақстанның азаматтығын алмаған, ұлты қазақ адамдарға да квота қарастырылған.

Биыл 145 мыңнан астам талапкер Ұлттық бірыңғай тестілеуден өтті. ҰБТ қорытындысы бойынша шекті балды 88 мыңнан астам адам жинады, бұл – қатысушылардың жалпы санының шамамен 60%-ы. Биыл орташа балл 69 болды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 5 балға жоғары.

М.ҚАЙРАТҚЫЗЫ

Зейнеткер бар ақшасын алаяқтарға ұстатты

Петропавлда алаяқтар 93 жастағы зейнеткерді алдап, 300 мың теңгесін алып кетті. Бұл туралы СҚО Полиция департаменті хабарлады.

Ведомствоның мәліметінше, 22 шілдеде 93 жастағы Петропавл тұрғынына белгісіз біреулер хабарласқан. Алаяқтар оған немересін полицейлер алып кеткенін және мәселені шешу үшін 5 мың доллар қажет екенін айтқан. Кейуана жинаған 300 мың теңгесі барын айтқан. Телефон арқылы сөйлескен адам балконнан ақшаны бір адам лақтыруын бұйырған. Зейнеткер олардың айтқанын істеген. Артынан туыстарымен хабарласқаннан кейін ғана алаяқтардың арбауына түсіп қалғанын түсінген.

Аталған факті Қылмыстық кодекстің 190-бабы «Алаяқтық» бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне енгізілді.

«Бұл қылмысты жасағандарды анықтау бойынша жедел-тергеу іс-шаралары жүргізіліп жатыр. Қылмыскерлер ұялы телефон болмаған жағдайда үй телефонына хабарласады. Бұған дейін телефон алаяқтары жоғалған еді. Алайда бұл кейінгі күндері Петропавлда тіркелген екінші оқиға. Жуырда полицияға тағы бір зейнеткер жүгінді, оған да осылайша қоңырау шалған. Ол бірден туыстарымен хабарласып, алаяқтар айтқан адамының амандығына көз жеткізгеннен кейін, полицияға болған жағдай туралы хабарлаған», – дейді Петропавл қаласы Полиция басқармасы екінші полиция бөлімі бастығының міндетін атқарушы Самат Тастан.

Мейірім ҚАЙРАТҚЫЗЫ

Жасөспірімді тонап кетті

Таңғы уақытта спортпен шұғылданып жүрген жасөспірім қызды ер адам тонаған. Бұл туралы Нұр-Сұлтан ПД баспасөз қызметі хабарлады.

25 шілде күні сағат таңғы 05.30-да стационарлық бекеттегі патруль полиция полкінің қызметкеріне 17 жастағы бойжеткен шағымданған. Ол таңғы жүгіру кезінде белгісіз ер адамның тап беріп, IPhone 8+ телефоны мен сөмкесін алып кеткенін айтқан.

Күдіктінің белгілері анықталды. Полиция жасақтары аудан аумағын тексеріп шықты. Қылмыскер қонақүй автотұрағында қашпақ болған жерінен ұсталды. Ол 42 жастағы Ақмола облысының тұрғыны болып шықты.

Аталған факті бойынша қылмыстық іс қозғалды. Қылмыстық кодекстің «Тонау» бабы бойынша тергеу жүргізіліп жатыр. Ұсталған ер адамның астана аумағындағы осыған ұқсас қылмыстарға қатысы бар-жоғы анықталып жатыр.

М.БАҚЫТЖАН

Қазақстанда тағы бір әлеуметтік желі бұғатталды

Қазақстанда іскерлік байланыс орнату және жұмыс іздеуге арналған Linkedin әлеуметтік желісі бұғатталды. 26 шілдеде кешке қолданушылары әлеуметтік желіге кіре алмағанын айтып, шағымдана бастаған.

Қазақстанның Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің мәліметінше, интернет-ресурс тарапынан заңбұзушылық тіркелуіне байланысты Linkedin-ге қолжетімділік шектелген. Желіні талдау барысында интернет-казино жарнамасы және жалған парақшалар анықталған.

«Linkedin интернет-ресурсының әкімшілігіне ескерту жолданды. Бірақ олар заңбұзушылықты жою үшін ешқандай шара қолданбады. Соған байланысты министрлік «Байланыс туралы» заңның 41-1-бабында көзделген тәртіппен әлеуметтік желі қызметін шектеді. Бұл ретте, Linkedin интернет-ресурсы заңнаманы бұзу деректерін жойған жағдайда, қолдануға мүмкіндік қайтадан беріледі», – делінген ведомство хабарламасында.

Linkedin – іскерлік қарым-қатынас, қызметкерлерді іздеу және бос жұмыс орындарын жариялауға арналған әлеуметтік желі. 2016 жылы компанияны Microsoft 26 миллиард долларға сатып алған.

М.БАҚЫТЖАН

Жалақының аздығына наразы

Кейінгі кезде жұмысшылар жиі ереуілге шығып жүр. Талаптары орынды: жалақыны жоғарылатуды, тұрмысты түзеуді, қалыпты әрі қауіпсіз еңбек жағдайын жасауды сұрайды. Сонымен бірге әлемді пандемия мен дағдарыс қысқан, ішкі-сыртқы нарықта баға құлдыраған заманда жұмыс берушілердің де әлеует-мүмкіндіктері шектеулі, адымдары тұсаулы. Дегенмен әртүрлі кәсіп иелерінің наразылық білдіріп, көшеге шығуы тыйылар емес. Бұл ненің белгісі? Алмағайып шақты пайдаланып, доқ көрсету ме, әлде ахуалы нашарлаған жұмысшылардың төзімі таусылды ма? Бәлкім, елдегі қымбатшылық жұрт-шылықты ығыр еткен болар.

МҰНАЙШЫНЫ НЕГЕ МҰҢ БАСТЫ?

Сарапшылардың айтуынша, ереуіл өткізу – демократиялық елдерде қабылданған үйреншікті құбылыс. Әйтсе де, басшылыққа қарсы шығу – еріккеннің ермегі емес, басты бәйгеге тігу. Оның ақыры қандай нәтиже әкелетіні беймәлім. «Ақырып теңдік сұраған», өз құқығын қорғаған ереуілшілердің бір тобы ақырында діттеген мақсатына жетсе, тағы бір тобы жұмыссыз қалады.

Биыл 8 ақпанда Ақтөбе облысындағы «Жаңажол» кен орнында қарсылық шарасын өткізген мұнай-сервистік компанияның кейбір жұмысшысы осы жағдайды кешті, отбасын асырап отырған жалғыз табыс көзінен айырылды. Олар жұмыстың адам төзбес ауырлығына шағымданды: жүк көліктерінен, вагондардан зілбатпан жүктерді таситын олар белі қайысып, кейде аяқтары жүруден қалатын кездер болған. Соған қарсы шығып, 15 күндік ауысым үшін төленетін жалақыны 55 мыңнан 100 мың теңгеге дейін көтеруді талап етті. Әйтпесе, еңбекақы азықтүлікке де жетпей қалатын көрінеді.

Жұмыс берушінің реакциясы қалай болды? Мұнайшыларға қызмет көрсететін «Биккор» клининг компаниясы әлгі іс-шараға қатысқан оннан астам жұмысшысын қызметінен қуды. Бірақ компания директоры Гүлшара Итбаева ақпарат құралдарына түсініктемесінде экс-жұмысшыларының бұл сөзін жоққа шығарды. Олардан керісінше ауысымды аяқтап барып кетуді өтінгенін, алайда олар өз еркімен жұмыстан шыққанын алға тартты. Сондай-ақ қалған жұмысшылардың жалақысын көтеруге уәде етті.

Жалпы, биыл мұнайлы өңірлерімізде бірнеше мұнай және мұнай-сервистік компания жұмысшылары наразылығын ашық білдіріп, журналистерді жинады. Соның ішінде Қытайдың «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» компаниясына қарасты «КМК Мұнай» және «АМК Мұнай» кәсіпорындарының жүздеген жұмысшысы өз басшылары жалақыны көтеруге келіскен соң, ереуілін тоқтатты.

«Сағыз Петролеум» компаниясының 200-дей мұнайшысы да жалақының аздығына риза емесін жария түрде білдірген. Олар мұнайшылар көп жалақы алады деген ұғымның қазір шындыққа жанаспайтынын, өздері 90-160 мың теңге ғана алатынын жеткізді. Компания жалақы көтеру мәселесін қарастырып жатқанын хабарлаған.

ЕРЕУІЛДІ ӨРКЕНИЕТТІ ӨТКІЗУГЕ БОЛАДЫ

Нұр-Сұлтан қаласында краншылар ереуілдеген болатын. Олардың жалақысы мұнайшыларға қарағанда тәуір деседі: жарты миллионға дейін айлық алатыны хабарланды. Ал олар оны азсынады, инфляцияны ескере отырып, 800 мың теңгеге дейін көтеруді талап етті. Өзге талаптары арасында краншылар үшін зейнетақы жасын ерлерге – 60 жас, әйелдерге 58 жасқа дейін төмендету, штатқа алып, ресми түрде еңбек келісімшартына отырып, барлық әлеуметтік төлемдерді төлеу, арнайы киіммен жабдықтау, еңбек шарттарын жақсарту, жұмыстың қауіптілігіне қарай 1,5 еселік коэффициент бойынша үстемеақы төлеу болды. Ереуілшілер тікелей Елбасыға жүгініп, араша сұрап, үндеу жолдады.

Бұл наразылық шарасы өзге ереуілдерден ерекшеленді. Біріншіден, олар көшені не жолды жауып, өзге адамдарға кедергі келтірмеді, өз акцияларын «Жеруйық» паркінде өткізді. Екіншіден, жұмысты тастап кетпей, жұмыс күнінің аяғында, жұмыстан соң жиналған. Үшіншіден, оған бір емес, бірден бірнеше құрылыс компаниясының жұмысшылары қатысты. Сондықтан сарапшылар бұл істі тып-тыныш қана үйлестірген, әртүрлі ұжымдарды аралап, наразылыққа қатысатын краншыларды таба алған, нақты ұсынысты әзірлеп, бірлесе жариялауға қол жеткізген ұйымдастырушылар болуы мүмкін деген байлам айтты. Төртіншіден, билікті босқа айыптамау, істі саясиландырмау, сонымен бірге Елбасыны арқа тұту арқасында краншылар жеңіске жетті. Олардың талаптары орындалып, жалақылары өсірілген. Бесіншіден, краншылардың талаптары сауатты құрылды: олар оны техникалық жай-жапсармен нақтылап, техникалық қауіпсіздік талаптарымен, заң нормаларымен бекітті. Тағы бір назар аударар жайт, ереуілшілер өз ісіне кәсіподақтарды араластырмады. Олардың істі шешу орнына созбалаңға салып жіберетінін түсінсе керек. Елордалық краншылар өркениетті ереуіл өткізудің өзіндік үлгісін көрсетті.

Осыдан кейін кран басқарушыларының ереуілдері Алматыда, Түркістанда, Ақтөбеде, Көкшетауда жалғасты. Астанадан айырмашылығы сол, өзге қалаларда ереуілшілер наразылығы ретінде жұмыстарын уақытша тоқтатқан. Оның нендей нәтиже бергені белгісіз.

ДӘРІГЕР НЕГЕ ҚОРҒАНСЫЗ?

Екі жылдан бері жаһандық індетпен күрестің алдыңғы шебінде жүрген медицина қызметкерлері өз жағдайының ауырлығына назаланып, наразылық білдіруге мәжбүр болды. Мысалы, Алматыда жедел жәрдем қызметкерлері ковидтік үстемеақы төлеуді талап етті. Жалпы, КВИ-мен күресушілерге төленетін үстемеақыға қатысты көптеген кемшілік, келіспеушілік, қайшылық болды. Енді дәрігерлер, дұрысы, қорғаныш костюмдегілер сол үстемеақыдан да айырылғалы тұр.

ДСМ-ның дерегінше, «СҚ-Фармация» бірыңғай дистрибьюторының заңсыз істері кесірінен дәрігерлерге арнайы қорғаныш костюмі жетіспей, салдарынан 2 мыңнан астам медқызметкер КВИ жұқтырған. Жалпы алғанда, былтырдан бері 10 мыңдай медицина қызметкері коронавируспен ауырды деген дерек бар.

Бұл кәсіп иелеріне қатысты түйіні тарқамаған түйткілдер қордалануда. Бірақ медицина өкілдері оларды еш ереуілсіз, министрлікпен ынтымақтасу және кәсіподаққа бірігу арқылы шешуді ұсынуда. «Ұлттық денсаулық сақтау палатасы» жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар бірлестігінің басшысы, медицина ғылымдарының докторы Ербол Бекмұхамбетов ДСМ жанынан Денсаулық сақтау саласының еңбек ресурстарын дамыту және жетілдіру жөніндегі жеке консультативтік-кеңесші орган құру бастамасын көтерді.

«Қазір мұндай функция Сапа жөніндегі біріккен комиссияның (ОКК) ережесінде қарастырылған. Алайда медициналық көмек сапасын жетілдіру мен дәрілік қамтамасыз ету мәселесінің ауқымы онсыз да орасан. Ендеше медицинаның кадрлық әлеуетін дамыту, медицина қызметкерлерін әлеуметтік және құқықтық қорғау мәселелерімен жеке кеңес айналысқаны жөн. Сондай-ақ бұл мәселелер меморгандардың, жұмыс берушілердің, кәсіподақтардың күш біріктіруін қажет етеді. Карантин және пандемия медициналық ұйымдардағы жабулы қазан күйінде болған көптеген өткір проблеманы әшкереледі. Біліктілігі жоғары мамандар тапшылығы өршіді. Ынталандыру болмаған соң, медициналық қызметкерлер әлдебір ұйымнан ғана емес, тіпті денсаулық сақтау жүйесінен кетуде. Әсіресе, өңірлер дәрігер таба алмай жатыр», – дейді Ербол Жасұланұлы.

ЕРЕУІЛ ТҮЙТКІЛДЕРІН ТЕЗІРЕК ШЕШУ МАҢЫЗДЫ

Оның мәліметінше, медицина өкілдерінің мүдделерін қорғау мақсатында биыл 12 наурызда Үкімет, жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері және кәсіподақтардың республикалық бірлестіктері арасында «Бас келісім» бекітілген. Соның негізінде әлеуметтік-экономикалық міндеттемелердің жаңа топтамасы ұсынылыпты. Дәрігерлер болса, сол бойы қорғансыз қалуда. Кейбір медициналық ұйым жалақы беруді кешіктіріп жатыр. Дәрігерлерге шабуыл жасау оқиғалары жиіледі.

«Осыған байланысты меншік түріне қарамастан, барлық медициналық нысан кәсіподақтардың бірімен келісім бекітсе дұрыс болар еді. Бүгінде медицина қызметкерлерінің 3 кәсіподағы жұмыс істейді: «Қазақстанның денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіподағы», Senim және QazMed, – деді Е.Бекмұхамбетов.

Әйткенмен, кәсіподақтардың өзі пәрмен-тегеурін көрсетіп, дәрігерлердің мүддесін қорғауда әбжіл қимыл, жанкешті тірлік танытқаны жөн болса керек. Сонда оларға сенген медициналық қызметкерлер өздері-ақ мүшелікке кіруге асығар еді. Ол болмаған соң, кәсіподаққа күштеп кіргізу және ай сайын жарна төлеттіру қажыған ақ халаттыларды тек ашындырары сөзсіз.

Әлеуметтанушы Марат Сералин кейінгі екі жылда бейберекет, стихиялы наразылық шараларының өскені тіркелгенін айтады.

«Күйзелісті 90-жылдары жалақының уақытылы төленбеуі – барлық ереуілдің 80%-ына себепкер болатын. Содан бері елде заң жетілдірілді, жалақыны кешіктіруге заңнама жүзінде тыйым салынды. Бүгінде ереуілдердің бәрінде дерлік қатысушылар жалақы көтеруді талап етеді. Әрине, нарықтық экономикада әр компания жалақының сомасын, кімге қанша төлейтінін өзі белгілейді. Мемлекет жеке секторды күштеп, жоғары жалақы төлеттіре алмайды. Тек ең төменгі жалақы мөлшерінен түсіріп жібермесе болғаны. Әйтсе де, мемлекет шаруам жоқ деп шет қалмағаны жөн. Бұл ереуілдер халықтың кедейшіліктен шаршағанын көрсетеді», – дейді әлеуметтанушы.

Оның пайымдауынша, Үкімет олқылықты түзеуге ықпал етіп, мұндай акциялардың соңы елге және ел экономикасына үлкен зиян келтірер ауқымды оқиғаларға ұласып кетуінің алдын алғаны абзал.

Елдос СЕНБАЙ

Ауыл әкімдерінің сайлауы:

«Nur Otan» округтердің 86 %-ында жеңіске жетті

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер мен ауылдық округтер әкімдерінің алғашқы тікелей сайлауының қорытындысы бойынша «Nur Otan» партиясының кандидаттары және өз-өзін ұсынушы партия мүшелері округтердің 86%-дан астамында жеңіске жетті. Аумақтық сайлау комиссияларының мәліметі бойынша, партияның 627 кандидаты әкім болып сайланды, оның ішінде 65-і – өз-өзін ұсынушы нұротандықтар.

Партияның баспасөз қызметі хабарлағандай, үгіт-насихат кезеңінде «Nur Otan» кандидаттары 1,2 млн сайлаушыны қамтыған. 45 мыңнан астам кездесу мен іс-шара өткізілді. Олардың үштен бір бөлігі онлайн форматта болса, қалғандары санитарлық талаптарды сақтай отырып жүзеге асты. 228 мың үгіт материалы таратылды. Үгіт-насихат барысында партияның қоғамдық қабылдау бөлмесіне 1,5 мың өтініш келіп түсіп, олар жергілікті жерлерде жедел шешілді.

Жеңіске жеткен нұротандықтардың 35 %-дан астамы – жаңа тұлғалар, оның ішінде білім беру саласының өкілдері, кәсіпкерлер, фермерлер, ал 65%-ы – қызметтегі әкімдер. Кандидаттардың орташа жасы – 46 жасты құрады. Әйелдер – 11,5 %, 35 жасқа дейінгі жастар – 14,2 %. Көпшілігі бастауыш партия ұйымдарының төрағалары мен таяуда өткен партияішілік праймериздің қатысушылары.

Барлық кандидаттар мен штаб мүшелері бұған дейін партияның Саяси менеджмент мектебі базасында семинардан өтіп, қажетті ұйымдастырушылық, әдістемелік және басқа да қолдаумен қамтамасыз етілгенін айта кеткен жөн. Әрқайсысында аумақтың мүмкіндігін ескере отырып, партияның қолдауымен тиісті ресурстармен қамтамасыз етілген өз сайлауалды бағдарламасы болды.

«Партиямыздың Лидері Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, нұротандықтардың басты қағидаттары – жауапкершілік, командалық рух, партия идеалдары мен құндылықтарына беріктік. «Nur Otan»-ның міндеті – сайлауда жеңіске жету ғана емес, ауылдардың дамуына жүйелі жағдай жасау, азаматтардың нақты мәселесін шешу. Партия өз кандидаттарын ұсына отырып, бірінші буын әкімдердің ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында халықпен өзара әрекеттестігінің жаңа мәдениетін қалыптастыра отырып, заманауи тәсілдерді ендіруде» деп бұған дейін атап өткен еді партия Төрағасының Бірінші орынбасары Бауыржан Байбек Facebook парақшасында.

Жол картасы жобасын талқылады

«Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын жүзеге асырудың міндеттерін орындау мақсатында Ақмола облысында партияның облыстық, 2 қалалық және 17 аумақтық филиалдарының сайлауалды бағдарламасына жүйелі мониторинг ұйымдастырылды. Оның нәтижесі туралы партияның депутаттық фракция отырысында айтылды. Сондай-ақ жиында орындалмау қаупі бар индикаторлар бойынша атқарылған жұмыстар тілге тиек етілді.

Осы жылғы 6 айдың қорытындысы бойынша партияның сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі аймақтық Жол картасының 132 іс-шарасының 23-і (17,4%) орындалды, 88-і (67%) орындалу сатысында, 21-нің (16%) орындалу мерзімі жеткен жоқ.

Орындалған негізгі іс-шараларды нақты айтсақ, 3 серпінді инвестициялық жоба іске асты. Мәселен, Аршалы ауданында қуаттылығы 100 МВт-қа жететін жел электр стансасының 2-кезегі салынды. Есіл ауданының «Ново-Приречное» ЖШС-нің сыйымдылығы 797,8 миллион теңге болатын 20 мың тонна астық сақтау қоймасы пайдалануға берілді.

Ал қаржыландырудың болмауына байланысты Степногор қаласындағы 45 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы мен жеке тұрғын үйлер үшін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым тарту сияқты жобалардың мерзімді орындалуына бүгінде қауіп төніп тұр.

Жалпы, тұрғын үй құрылысына қатысты мұндай мәселелер басқа да аудандарда кездеседі. Сондықтан бұл мәселені шешудің басқа амалдарын қарастыру қажеттілігі айтылды.

Жиында, сондай-ақ өңірде ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін 1,5 есе ұлғайтып, 3 миллион теңгеге жеткізу мәселесі талқыланды. Бүгінде халық қалаулылары бұл тақырыпты тиісті сала мамандарымен жан-жақты зерттеп, талдаудан өткізді. Нәтижесінде, тек өсімдік шаруашылығында нақты нәтиже беретін 3 негізгі бағытты дамыту қолға алынды.

– Бірінші бағыт – агроқұрылымдарды ірілендіре отырып, заманауи озық технологияларды енгізу. Сөйтіп, өсімдік шаруашылығында алдағы 5 жылда суармалы жер алаңын 13,3 мың гектарға арттыру. Биылғы жоспар – 1 мың гектар. Аталған межеге өңірдегі екі ірі шаруашылықтың арқасында қол жеткізілді. Бұл – Целиноград ауданындағы «Родина» агрофирмасы мен «Зеренді» асылтұқымды шаруашылық» серіктестігі. Алғашқысы суармалы егістік алқаптарын 700 гектарға, ал екіншісі 300 гектарға жеткізді.

Екінші бағыт – минералды тыңайтқыштарды қолдану алаңын 1,6 есе өсіммен 2025 жылы 1,4 млн гектарға дейін ұлғайту. Биыл 1 млн гектар алаңда тыңайтқыштарды қолдану бойынша міндет орындалды. Шаруалардың тыңайтқыштарды сатып алуға жұмсалатын шығынының 50%-ы мемлекеттік қолдаудың арқасында қайтарылады.

Десе де, бұл бағытта түйткілді мәселелер баршылық. Депутаттық фракция отырысында шаруаларға субсидиялардың уақытылы түспеу мәселесі қызу талқыланды. Депутаттардың айтуынша, кейде тіпті қаржының жетпеушілігі де байқалады. Сондықтан депутаттардың ұсынысын жинақтап, арнайы мамандарды тарту арқылы бұл мәселені түбегейлі шешу қажет, – деді «Nur Otan» партиясы Ақмола аймақтық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалым Бекмағамбетов.

Өсімдік шаруашылығында еңбек өнімділігін арттырудың үшінші бағыты егін шаруашылығында үшінші репродукциядағы тұқымды қолдану көлемін арттыру. Жол картасына сәйкес 2025 жылға қарай бұл көрсеткішті 90 %-ға жеткізу көзделеді. Халық қалаулысы Қайрат Сұлтановтың айтуынша, биыл наннның қымбаттауына жол бермеу мақсатында тұрақтандыру қорының жұмысын нығайту қажет. Ондағы ұнды тек әлеуметтік нан пісіретін наубайханаларға беру қажеті айтылды.

Айта кетейік, келесі жылы Мемлекет басшысының тапсырмасымен жайылым жерлерді ұлғайту қолға алынады. Осыған байланысты елді мекендердегі егістік және жайылым жерлерге тексеріс жүргізу қажет.

САРАПШЫ БОЛЖАМЫ РАСТАЛДЫ

Ауыл әкімдерінің сайлау қорытындысы

- Nur Otan - 627 адам (86%) (соның ішінде өз-өзін ұсынған партия мүшелері-65 адам немесе 8.9%)
- Ауыл - 33 адам (4,5%)
- ADAL - 15 адам (2,1%)
- Ақжол - 11 адам (1,5%)
- ҚХП - 10 адам (1,4%)
- ЖСДП - 1 адам (0,1%)
- Өз-өзін ұсынғандар - 33 адам (4,5%)



2021 жылдың 27 шілдесіндегі жағдай бойынша

Аймақтардағы ауыл әкімдерін сайлау қорытындысы жарияланды. Жалпы, дауыс санау уақытты көп алмағанымен, сайлауалды ұйымдастыру жұмысымен айналысқан аумақтық сайлау комиссиясы бір жүйеге орналықтандырылмаған.

Белгілі болып отырғандай, әзірге облыстардағы сайлау қорытындысы бойынша «Nur Otan» партиясынан – 627 (86%), Ауыл – 33 (4,4%), ADAL – 15 (2,1%), Ақжол –11 (1,5%), ҚХП – 10 (1,4%), ЖСДП 1 (0,1%) адам өтіп отыр. Сондай-ақ сайлау науқанына партиясыз өз-өзін ұсынған 33 адам қатысқан.

Сарапшы Никита Шаталов республика бойынша жиынтық ақпаратты ресми түрде ешкім жарияламайтынын айтты. «Бұған дейін «Nur Otan» партиясы 80%-дан кем орын алмайтыны туралы айтылған болатын. Бірақ билеуші партияның мүшелері болған өз-өзін ұсынушылардың арқасында жоспарды артығымен орындау болған секілді. Мен оны алдын ала болжаған едім», – дейді Никита Шаталов.

Оның айтуынша, «Nur Otan»-ның жалпы тізімінде 65 азамат өз-өзін ұсынған. «Өз-өзін ұсынғандардың көпшілігі жұмыс істеп жүрген әкімдер, мемлекеттік қызметкерлер, түрлі бюджеттік және коммуналдық кәсіпорындардың басшылары, яғни билеуші партияның электораты. Шын мәнінде, облыстардағы жағдай осындай. Мысалы, Ақмола облысындағы 95 орынның 74-і нұротандықтарға тиесілі. Өз-өзін ұсынған 14 адамның 11-і дәл қазір жұмыс істеп жүрген әкімдер. Әрі олар «Nur Otan» бастауыш партия ұйымдарының басшылары. Тағы 2-еуі белсенді мемлекеттік қызметкерлер», – дейді сарапшы.

Дегенмен айтарлықтай тосынсыйға толы өзгеріс болмағанымен, партиялар арасында тартыс болды. «Nur Otan» әдеттегідей басымдыққа ие болса, ADAL партиясының сайлаушылары бұл жолы ҚХП мен Ақжолдан қарағанда көбірек белсенділік танытты. Өз-өзін ұсынғандар «Ауыл» партиясына лайықты бәсекелес болды. Олардың әрқайсысы 33 дауыстан жинады. Бұл жолғы әкімдердің сайлауы демократияландыру,мен орталықсыздандыру жолындағы сәтті қадам екенін айтты сарапшы.

Ж.МҮСІЛІМ

«Jas Otan»: балаларға ағылшын тілін тегін оқытады

Алматы қалалық «Jas Otan» Жастар қанаты English for Jastar жобасы шеңберінде халықтың әлеуметтік осал тобынан шыққан балаларға тегін ағылшын тілін оқыту курстарын бастады.

English for Jastar жобасы алғаш рет 2018 жылы Елбасы – Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығы аясында іске асырылатын үштілділікті енгізу жөніндегі ауқымды бағдарламаны қолдау үшін іске қосылды.

Бұл жоба оқушыларға ағылшын тілінің деңгейін көтеруге және олардың қарым-қатынас дағдыларын жақсартуға бағытталған.

Nur-Sultan baspasy ұсынған ұзақтығы 6 ай факультативтік курстардың бірінші кезеңінде көпбалалы отбасылардан шыққан 11 бала оқып жатыр. Жобаның басты мақсаты – жас буынға қолжетімді сапалы біліммен қамтамасыз етуге үлес қосу, оқушыларға ағылшын тілін меңгеруге көмектесу.

Оқуды бастау үшін оқушылар бірнеше кезеңнен өтті: балалар ағылшын тілін меңгеру деңгейін анықтау тестін тапсырды; ағылшын тілі деңгейіне және жасына сәйкес балаларды топтарға бөлу; бос уақытын ескере отырып, сабақ кестесін құру.

Оқушыларға ағылшын тілінен тегін оқулықтар берілді.

«Біз мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларға арналған оқу әдебиеттерін әзірлеумен және бейімдеумен айналысамыз. Мектептерге 2021-2022 оқу жылына тегін қол жеткізуге сілтемелер ұсынамыз. Мектептерде электронды платформаларды пайдалану үшін кері байланыс алуға қуанышты мыз. Бұл жоба аясында аз қамтылған, көпбалалы отбасылардың оқушылары, сондай-ақ толық емес отбасылардың балалары мен мүгедек балалар үшін оффлайн режимінде ағылшын тілін тегін оқытуға 11 орын ұсындық», – деді Nur-Sultan baspasy-ның бас маманы Аида Уразаева.

Ағылшын тілін оқыту халықаралық стандарттар бойынша өтеді. Курсты тәмамдаған оқушыларға сертификат беріледі.

М.ЖАНЫСБАЙ

Филиал төрағасының бірінші орынбасары тағайындалды

Саяси кеңестің аймақтық бюросының ұсынысы бойынша «Nur Otan» партиясы Атырау облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары болып Мейірім Қалауи тағайындалды.

Ол Атырау облысы Қызылқоға ауданы Тасшағыл ауылының тумасы. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің және Ресей Федерациясы президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет істері академиясының түлегі.

Әр жылдары жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы, Атырау облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары, Атырау қаласы әкімінің орынбасары қызметтерін атқарған.

2019 жылғы қаңтар айынан бастап Атырау облысы Индер ауданының әкімі қызметін атқарды.

Еске сала кетейік, «Nur Otan» партиясы Саяси кеңесі бюросының қаулысымен бұған дейін облыстық филиал төрағасының бірінші орынбасары қызметін атқарған Нұрлыбек Ожаев Мәжіліс депутаты мандатын алған болатын.

Дайындаған Әбілмансұр ЖАСАН

2007 жыл: жемісті де, жеңісті жыл

Екі мыңыншы жылдардың алғашқы онжылдығын ел еңсесін тіктеген кезең деп бағалауға болады. Өйткені тәуелсіздік хроникасы мен ел дамуының арасында символикалық ұқсастық бар еді. Бүгінгі өлшеммен алғанда, тәуелсіздік тарихы 2007 жылы жартысынан асып түскен болса, ел дамуында да Қазақстан бір белді артқа тастады. Бұл одан соңғы өркендеудің басы еді.

Нұрлан ҚОСАЙ

ЖАҢА ПАРЛАМЕНТ – ЖАҢА ӨЗГЕРІСТЕР

Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік билік институттарының қалыптасу мен даму жолы осы жылдар ішінде ең бір заманауи сауатты үлгіде үлкен ыждаһатпен жүзеге асып келе жатқаны белгілі. Мұндағы әрбір қадам бір ізбен жалғасып, жымы қиюласқан сабақтастықтан тұрды. Осылайша, Елбасының сарабдал саясатының арқасында әлемдік қауымдастық алдында еліміз өзіндік «қазақстандық моделін» жасап шығара алды. Тарих парағындағы 2007 жыл осындай Конституциялық реформалы жыл болды.

Елбасының тікелей бастамасымен 21 мамырда Қазақстан Конституциясына еліміздің бұдан былайғы даму бағытын нақты айқындап берген түзетулер енгізілді. Осылайша, Қазақстан демократия мен либерализацияның жаңа жолына қадам басты. Жаңа Ата Заңның қабылдануы саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасын іске асырудың, еліміздің құқықтық кеңістігіндегі терең өзгерістер жасаудың заңды нәтижесі еді. Конституцияға енгізілген өзгерістерге сәйкес, бұрынғы Ата Заңымыз бойынша Мемлекет басшысының құзырында болып келген бірқатар өкілеттік Парламентке беріліп, заң шығарушы органның өкілеттілігі кеңейді. Іс жүзінде Қазақстан президенттік-парламенттік басқару жүйесіне көшті. Президенттік басқару мерзімі 7 жылдан 5 жылға қысқартылды. Жергілікті жерлердегі мәслихаттардың рөлі күшейтілді, жергілікті өзін-өзі басқару түбегейлі өзгертілді, сот билігі тармағының тәуелсіздігі нығайды, азаматтық қоғамды дамытуға айрықша назар аударылды. Парламент депутаттарының саны 38 адамға ұлғайып, 154-ке жетті. Осыған орай жаңа құқықтық алаңда қызмет ету үшін Мәжіліс өзін-өзі тарқатып, сайлау өткізді.

Осы өзгерістерге орай, 2007 жылғы 18 тамызда тұңғыш рет партиялық тізім бойынша төртінші шақырылымдағы Қазақстан Парламентінің Мәжілісіне сайлау болып өтті. Жеті саяси партия қатысқан сайлау қорытындысында сайлаушылардың 88%-дан астам дауысын алған «Нұр Отан» Халықтық демократиялық партиясы ғана 7 пайыздық кедергіні еңсеріп, Парламент Мәжілісіндегі барлық 98 орынды иеленді. Палатадағы 9 орын 20 тамыз күні Қазақстан Халқы Ассамблеясынан сайланған депутаттарға берілді. Осылайша, палатада түрлі ұлт өкілдерінің саны артты.

ЖАҢА ҮКІМЕТ – ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ ТЫҢ КҮШІ

Сондай-ақ осы жылдың қаңтар айында Үкімет ауысып, жаңа Үкімет жасақталды. Премерь-Министр болып Кәрім Мәсімов тағайындалды. 12 қаңтар күні Министрлер кабинетінің алғашқы отырысы өтіп, ол жиында Үкімет әкімшілік реформаны жалғастыру, бюджеттік жоспарлау мен бюджетаралық қатынастарды жетілдіру, өңірлерді дамыту, бәсекелестікті қорғау мен дамыту, тұрғын үй құрылысын дамыту, инфрақұрылымды басқару жүйесін жетілдіру, аграрлық саланы дамыту, мемлекеттік тілді дамыту сынды сегіз бағыт бойынша жұмыс жоспарын қабылдады.

Елбасы 28 ақпан күнгі өз Жолдауында ел Үкіметі алдына үлкен міндеттер қойды. Жолдауда айтылған тапсырмаларға сәйкес, республикамызда үш жылдың ішінде салынуы тиіс 100 мектеп пен 100 аурухананың алғашқыларының іргетасын қалау жұмыстары осы жылы басталып кетті. 2007 жылы республика бойынша 65 мектеп ашылды. Осы жылы еліміздегі орташа айлық көлемі 51 мың теңгеге, дүниеге келген әр сәбиге берілетін жәрдемақы 35 мың теңгеге жетті. Осы жолдардың авторы – осы мемлекеттік көмекті көрген 300 мыңнан астам қазақстандықтың бірі.

ЕҚЫҰ ТӨРАҒАЛЫҒЫ – ТАРИХИ ЖЕҢІС

2007 жылдың еншісіндегі Қазақстанның тағы бір жетістігі – осы жылы ЕҚЫҰ төрағалығына толық қол жетті. Испания астанасы Мадридте 16 қараша күні өткен жиында Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына мүше елдердің барлығы бірауыздан Қазақстанның 2010 жылы аталған ұйымға төрағалық етуін қолдады. Бұл шын мәнінде халықаралық аренадағы еліміздің абыройын тағы бір асқақтатқан айтулы оқиға болды. Осы шешімімен әлемдік қоғамдастық Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында экономика, саясат, әлеуметтік салаларда қол жеткізген табыстарын танып, мойындады. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан өз тәуелсіздігінің 16 жылдығын ел ішіндегі елеулі жаңалықтарымен ғана емес, халықаралық дәрежедегі салмақты қадамдарымен де табысты еңсере алды.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОНТРАСТ – ҚҰЛДЫРАУ МЕН ӨРКЕНДЕУ

«Ипотекалық көпіршік» деген терминді қазақстандықтар ең алғаш рет осы жылы естіген болар. АҚШ-тың жылжымайтын мүлік нарығындағы тым лоялды саясат ипотекалық дағдарысқа алып келді де, бұл сегмент әлемдегі алып экономикадағы ішкі жалпы өнімді құрауда жоғары маңызға ие болғандықтан, оның салдары бүкіл әлемге сезілді. Дағдарыс салқыны Қазақстанның да қаржы жүйесіне әсер етті. Одан бөлек, 2005-2007 жылдардағы құрғақшылық, су тасқыны сынды экстремалды табиғи құбылыстар ірі бидай өндіруші елдерге ауыр тиді. Бидай өндірісі 2005 жылы 3,6%-ға, 2006 жылы 6,9%-ға кеміп кетті. Соның салдарынан 2007 жылы әлемде азық-түлік тапшылығы қатты сезілді. 37 мемлекет қақтығыстар мен табиғи апаттар тудырған азық-түлік дағдарысына ұшырады. Бұл Қазақстан нарығына тікелей әсер етті. Әйтсе де, ұлттық экономикамыздың шатқаяқтап, тұралап қалуына жол бермеуге ең алдымен жаңадан құрылған Үкіметтің дер кезінде қолға алған шаралары себепкер болды. Дағдарыстың төтенше салдарымен күрес бағдарламасы әзірленді. Оның бір бағыты ретінде отандық экономиканы әртараптандыруға бағытталған шаралар жүзеге аса бастады. Елбасының тікелей тапсырмасымен еліміздің жеті өңірінде «Жетісу», «Ертіс», «Батыс», «Оңтүстік», «Тобыл», «Сарыарқа», «Каспий» сынды әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялар құрылды. Бұған қоса экономиканы әртараптандыруға тың серпін беретін «Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшысы» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бағдарлама аясында еліміздің әр өңірінен экономиканы алға сүйрейтін серпінді жобалар сұрыпталып, экономиканы ілерілетуші жобалардың құрылысы басталып кетті. Жалпы, бағдарламаға 97 жоба енді. Олардың жалпы құны – 60 млрд доллар.

Осы жылғы деректерге көз жүгіртсек, 2007 жылы Қазақстанның жалпы алтын валюта резервтері Ұлттық қордың қаржысын қосқанда 40 млрд. долларға жетті. Банк жүйесіндегі депозиттер 3,5 триллион теңгеге жетті. Отандық зейнетақы қорларындағы зейнетақы жиналымдарының өсімі 1,1 триллион теңгеден асып түсті. Елдегі ІЖӨ жан басына шаққанда 7 мың долларды еңсерді. Осы жылы Қазақстанда 22,5 миллион тоннадан астам астық орылды. Бұл тәуелсіздік жылдарындағы рекордтық көрсеткіш болатын. Қазақстан – астық өндірісінің жан басына шаққандағы көлемі мен ұн экспорты бойынша әлемде бірінші орынға шықты.

Теңіздің ақ алабұғасын өсіретін кешен салынады

Осыдан он шақты жыл бұрын Қапшағайда Қиыр Шығыстан тасымалданатын мұхит пен теңіз балықтарын тереңдете өңдейтін зауыт салынып, елге таңсық балық өнімдерін өзімізде әзірлейміз деп сүйіншілеткен едік. Алайда жалаулатып ашылған кәсіпорынның бастапқы қадамының өзі сәтті болмады. Дегенмен енді жаңасы іске қосылмақ.

Болат АБАҒАН

Су қоймасы жағасындағы қалада толық қуатына енгенде жылына 10 000 тонна теңіздің ақ алабұғасын (баррамунди) өсіретін «Оспанова девелопмент» балық өнеркәсібі кешенінің іргетасы қаланды. Берері мол болады деп болжанып отырған жобаны жүзеге асыруға бағытталған бастапқы қадамға куә болуға Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев, Алматы облысының әкімі Амандық Баталов, жобаның бастамашысы «Оспанова девелопмент» ЖШС құрылтайшысы Александр Белович қатысты. Олар кешеннің қазығын қағып, іргесінің алғашқы тасын қалады.

Мемлекет басшысы да өзінің халыққа арнаған Жолдауында балық шаруашылығын дамыту қажет екенін алға тартып, тұрғындардың балық өнімін тұтыну мөлшерін арттырудың жаңа жобаларын жүзеге асыруды тапсырған еді. Осыған байланысты Үкімет балық шаруашылығын дамытудың ұзақмерзімді бағдарламасын бекітті, онда 2030 жылға қарай жылына 270 мың тонна балық өсіру көзделген. Бұл үшін балық шаруашылығын мемлекеттік қолдау шараларын кеңейтіп, балық өсірудегі ілеспе бағыттарды дамыту үшін жағдай жасалуы тиіс.

– Балық өсіруді барынша арттыру үшін осы бағытқа жарамды су айдындарын кеңінен пайдалану және жаңа индустриялық балық өсіру шаруашылықтарын іске қосу жоспарланып отыр, – деді Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев шаруашылықтың іргетасын қалауға арналған шарада.

Қапшағайда іргетасы қаланған, индустриялық балық өсіру шаруашылықтары санатына кіретін «Оспанова девелопмент» кешені осы өңірдегі «Арна» индустриалды аймағында орналасқан. Жобаны жүзеге асыруға шамамен 67 млрд теңге инвестиция салу жоспарланыпты және 300 жұмыс орнын ашу ойластырылыпты. Кешенді жасақтаушылардың таңдауы түскен теңіздің ақ алабұғасы (баррамунди) жыртқыш балықтар тобына жатады. Негізгі азығы – ұсақ балықтар мен шаяндар, су жәндіктері. Ұзындығы екі метрге, салмағы 60 келіге дейін өсетін балықтың еті аса құнарлы, қылтанағы аз. Сондықтан да тауарлық құны аса бағалы.

Қазір облыстағы «Талдықорған», «Береке», «Арна», «Боралдай», «Қазыбек бек», «Қайрат» сынды индустриалды аймақтарда аса ірі жобалар жүзеге асырылып, ел игілігіне қызмет етіп жатыр. Соның бірі – балық шаруашылығында жаңалық болып отырған кешеннің қазығы қағылған, жалпы аумағы 1 300 гектарды алып жатқан, оның ішінде өндірістік аумағы 810 гектар «Арна» индустриалды аймағы. Аталған аймақта 2021-2025 жылдар аралығында құны 200 млрд теңге 7 үлкен инвестициялық жоба жүзеге асырылып, 4 500 жұмыс орны құрылады деп жоспарланған. «Арна» индустриалды аймағы бір арнаға түсу үшін бүгінге дейін де біраз жұмыс атқарылыпты.

– «Арна» индустриалды аймағы 2006 жылы құрылды. Басты мақсаты – Алматы қаласындағы ірі кәсіпорындарды осы аймаққа орналастырып, оңтүстік астананың экологиялық жағдайын оңалта отырып, агломерацияның өндірістік әлеуетін арттыру болатын. Алайда ол кезде аймақтағы инженерлік желілер дұрыс болмағандықтан инвесторлар аса назар аудармады. Кейінгі жылдары біз «Арна» индустриалды аймағының инженерлік желілерін жаңғыртып, теміржол тармағын тартып, жол салып, электр желілерін жаңартқаннан кейін индустриалдық аймаққа инвесторлардың қызығушылығы арта түсті. Қазір бірталай ірі жобалар атқарылып жатыр. Алдағы уақытта фармацевтикалық өнімдер мен жартылай фабрикаттар шығаратын бірқатар кәсіпорын ашу жоспарда тұр, – дейді Алматы облысының әкімі.

Құрылысы енді басталған «Оспанова девелопмент» балық өнеркәсібі кешені облыс әкімі атап кеткен ірі инвестициялық жобалардың қатарын толықтырады.

Алматы облысы

Ауылға деген көзқарас оң

Ауылға көмек ешқашан толастар емес. Өйткені ауыл – тіршілік көзі, қаланы асыраушы. Ауыл десе мыңғырған мал, ет, сүт келеді көз алдымызға. Ауыл – бидай, ауыл – нан. Қарағанды облысында да ауылға көмек, ауылға жәрдем айтарлықтай жасалып жатыр.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

АГРОӨНЕРКӘСІПКЕ СУБСИДИЯ БАР

Қарағанды қаласында Antikor.Live жобасы аясында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің «Антикор орталығында» департамент басшысының бірінші орынбасары Асхат Оразхан мен Қарағанды облысы Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Асқар Санаубаровтың қатысуымен ауыл шаруашылығын субсидиялау мәселелері бойынша тікелей эфир өтті.

А.Санаубаровтың мәліметі бойынша, 2020 жылы республикалық бюджеттен 19 бағдарлама бойынша 19,9 млрд теңге көлемінде субсидия төленді, 6 бағдарлама бойынша 11 млрд 512 млн теңге игерілді, облыстық бюджеттен 13 бағдарлама бойынша 8 млрд 396 млн теңге төленді.

2021 жылға белгіленген лимитке сәйкес 18 бағдарлама бойынша барлығы 16,1 млрд теңге қарастырылған. Облыстық бюджеттен 13 бағдарлама бойынша барлығы 8,5 млрд теңге қарастырылған. Оның ішінде өсімдік шаруашылығында 4 бағдарлама бойынша 2,7 млрд теңге, мал шаруашылығы саласында 3 бюджеттік бағдарлама бойынша 5,8 млрд. теңге бөлу жоспарланған.

Қарағанды облысының Ауыл шаруашылығы басқармасы субсидиялаумен байланысты 15 мемлекеттік қызмет көрсетеді. Қазір бұл қызметтер толығымен автоматтандырылған «Қолдау» және «Субсидиялаудың ақпараттық жүйесі» екі ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Бұл субсидиялау бойынша қабылданатын шешімдердің транспаренттілігін қамтамасыз етеді.

«Өсімдік шаруашылығы» бағыты бойынша бөлінген қаражат есебінен ауыл шаруашылығы дақылдарының 6 мың тоннадан астам өнімділігі жоғары тұқымдарын сатып алу қамтамасыз етілді. 493 мың литр көлемінде пестицидтерді сатып алуды субсидиялау жүзеге асырылды және 425,1 мың га өңделді. Бұдан басқа, 5,8 мың га алаңда ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерімен су жеткізу бойынша қызметтердің құнын субсидиялау қамтамасыз етілді, 173,4 мың га алаңда 12,7 мың тонна минералдық тыңайтқыштар сатып алу қамтамасыз етілді.

«Мал шаруашылығы» бағыты бойынша 5 659 585 мың теңге көзделген қаражат есебінен тауар өндірушілердің селекциялық және асылтұқымдық жұмысты жүргізгені және мал шаруашылығы өнімі өндірісінің құнын арзандатқаны үшін шығындарын субсидиялау жүзеге асырылатын болады.

ТІРШІЛІК НӘРІ – СУ

Аймақтағы бірқатар ауданда тіршілік нәрі – суға зәру ауылдар жетерлік. Ал Жезқазғанда жерасты суының бай қоры бары дәлелденген. Бұл ауызсу мен шаруашылық-тұрмыстық суға деген қажеттілікті қамтамасыз етуге жетеді. Бірақ ауызсу мәселесі, дәлірек айтсақ, оның тапшылығы күн тәртібінен әлі түбегейлі түспей тұр. Суға зәрулік салдарынан Жезқазғанда жиі шу шығып жатады. Енді бұл мәселе шешіледі. Қарағанды облысының тұрғындарын сапалы ауызсумен қамтамасыз ету туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Энергетика және ТКШ басқармасының басшысы Ұлантай Үсенов айтып берді.

– 2021 жылы облыста 265 шақырымнан астам су құбыры және қәріз желілерін салу және қайта қалыпқа келтіру жоспарланды. Бүгінде сумен жабдықтау желілері Абай, Бұқар Жырау, Қарқаралы және Нұра аудандарының бірқатар ауылдарындағы үйлерге жүргізілген. Мысалы, Нұра ауданының Қарой ауылында бұрын орталық сумен жабдықтау болмаған, тұрғындар су алу үшін даладағы құбырлардан алуға мәжбүр болды, – дейді Ұлантай Үсенов.

Басқарма басшысы жыл соңына дейін Есқұла су құбырын пайдалануға беру жоспарланғанын айтты. Оның іске қосылуы Жезқазған мен Сәтбаев тұрғындарын сапалы әрі үздіксіз сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазірдің өзінде облыс бойынша 86 елді мекенде жерасты су көздерін барлауға дайындық жүргізіліп жатыр. Жарлы-Қарқаралы су тартқышын салуға жоба әзірленген, оны іске асыру Қарқаралы халқын тұрақты сумен қамтамасыз етеді. Қарқаралы ауданының Аппаз ауылында желілерді қайта құру ісі жалғасып жатыр.

– Бұқар Жырау ауданы Асыл ауылында су құбыры желілерінің құрылысы басталды. Қазір оның тұрғындары тасымалданып алып келетін суды пайдаланады. Ұлытау ауылында тазарту құрылғыларының құрылысы аяқталады, – деп қосты Ұлантай Үсенов.

Қарағанды облысы

Шетелдік компьютерге ШЕКТЕУ ҚОЙҒАН ЖӨН БЕ?

Мемлекеттің импорттық компьютер-ноутбуктерді сатып алуға тыйым салынуы мүмкін. Бағдат Мусин басқаратын Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі осындай бастама көтерді. Елде компьютер мен лэптоп жетіспеушілігі байқалуда. Бұл шара тапшылықты ушықтырып, онсыз да қымбат техниканың бағасын шарықтатып жібермей ме? Ведомство бұл жерде нені көздеп отыр? Осы сауалдарға жауап іздеп көрелік.

Айхан ШӘРІП

ОТАНДЫҚ ӨНІМ БӘСЕКЕДЕ НЕГЕ ҰТЫЛДЫ?

Пандемия адамзатты компьютерге тәуелді етті. Оқушылар мен студенттер онлайн оқуға көшті. Елдегі карантин шектеулеріне байланысты мемлекеттік қызметшілер мен квазимемлекеттік сектор ұйымдары ұжымының 70-80 пайызы әлі күнге қашықтан жұмыс істеуде. Жеке секторда біраз қызметкер қашықтан қызметін жалғастырып жатыр. Ел Үкіметі мемлекеттік қызметтің басым көпшілігін халық пен бизнеске электронды форматта көрсетеді. Осының бәрі меморгандарда, квазисекторда, жеке және заңды тұлғалардың баршасында компьютер мен ноутбуктың болуын талап етеді.

Mechta электроника және тұрмыстық техника дүкендерінің желісінде компьютерлер (процессор) 129 мың теңгеден басталып, 1,7 миллион теңгеге (ACER Predator PO9-600) дейін барады. Ал ноутбуктер акция бойынша 119 мың теңгеден басталады. Technodom, Эврикада да бағалар ұқсас. Бәрінде негізінен Қытай мен Ресейде жасалған өнімдер. Қазақстанда шығарылғанын кездестірмейсіз.

Бірақ Цифрлық даму министрлігі олардың барына бек сенімді. Әрі жаңа бастамасы арқылы соларды қорғап, мемлекеттің қамқорлығына алып, ішкі нарықты жаулауына жол ашпақ ниетте. Осы меморган дерегінше, Қазақстанда сатылатын компьютерлік техниканың 90%-ы – импорттық. Тиісінше, қазақстандық өндірушілердің үлесі – 10 пайыз.

«Атамекен» ҰКП ақпаратына сенсек, отандық өнімдерге ғана берілуі тиіс СТ-KZ нысанындағы «тауардың шығу тегі туралы сертификатқа» бүгінде осы салада 62 қазақстандық кәсіпорын ие. Отандық өндірушілер қатарында «Киров атындағы зауыт» АҚ, «Логиком» АҚ, «АТЕКО» ЖШС, «PC4U» ЖШС, «GSE» ЖШС, «F3.kz» ЖШС және басқасы аталады. Бұлардың өндірістік қуаты 2018 жылы орта есеппен 26%-ға, 2019 жылы –25%, 2020 жылы 39% ғана жүктеліпті. Яғни, нашар жүктелген. Бұл компаниялардың кірістілік-рентабельділігі 2018 жылы – 16,7%, 2019 жылы – 17%, 2020 жылы 13,6%-ды құраған. Тенденция тек төмендеп келеді.

Олар еліміздегі ірі электроника және тұрмыстық техника дүкендері мен интернет-дүкендердің желісіне өз өнімімен кіре алмайды. Сондықтан халық бұлардың бар-жоғынан бейхабар. Бұлар төл сайттары мен бірен-саран дүкені арқылы өнімін ілгерілетуге тырысуда. Бірақ тауары қымбаттау болғандықтан, саудасының қызып жатқаны шамалы. Отандық өндірушілер шығарған дербес компьютердің орташа құны 197 мың теңгені құраған. Ал импорттық компьютерді 129 мың теңгеден де табуға болады. Демек, баға жөнінен бәсекеде ұтылуда.

ӨТІРІК «ОТАНДЫҚ» ӨНІМДІ ҚОЛДАУ КЕРЕК ПЕ?

«Қазақстанда жасалған» таңбалы компьютерлер мен ноутбуктердің шынында тек шетелден шашып әкелініп, елімізде құрастырыла салынатын өнім екенін Цифрлық даму министрлігі де жасырмайды.

«Қазір отандық кәсіпорындар тек құрастырумен айналысады. Нәтижесінде, дайын өнімнің өзіндік құны құрауыш жинақтардың бағасына және оларды импорттау кезіндегі ілеспе шығындарға тікелей байланысты. Қолдау шарасы болмаса, отандық кәсіпорындардың өнім өндіру көлемі төмендеп, қаржылық ахуалы нашарлауы мүмкін» деп дәйектеді министрлік өкілдері.

Ендеше шетелден келетін дайын өнімге тыйым салудың қандай қажеті бар? Аты ғана отандық, заты жатжұрттық өнімге ерекше жағдай жасап, айрықша артықшылық берген орынды ма? Орынды көрінеді.

«Компьютерлік техника барлық салада, соның ішінде елдің ұлттық қауіпсіздігін, стратегиялық мүддесін, оның өнеркәсібі мен экономикасын қорғаумен тығыз байланысты төтенше маңызды салаларда қолданылады. Ол жабдық деректердің жасырын алынбайтынын (орысша нұсқасы – негласный съем данных), сондай-ақ санкцияларға және басқа да сыртқы жағдайға қарамастан мемлекеттік органдардың тұрақты жұмысын кепілдендіруі тиіс. Соңғы уақытта елімізде кибершабуылдар жиілеп кетті. Дата-орталықтар құру, барлық саладағы процестерді автоматтандыру, күнделікті компьютерлік техниканы пайдалану – елдің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін өзекті етті», – деді Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі.

Сарапшылардың байламынша, әңгіме «бәкдорлар» туралы болып отырса керек (ағылшынның back door – артқы есік деген сөзінен шыққан). Мысалы, биылғы наурызда Intezer сарапшылары RedXOR жаңа әрі күрделі бәкдор Linux жүйесіне шабуыл жасап, қытайлық киберқылмыскерлер тобының хакерлік операцияларына қатысатыны туралы хабар таратты. Бұл бәкдор пайдаланушыға қатысты жүйелі ақпаратты жинауға, файлдармен операцияларды жүргізуге, жүйелі бұйрықтарды орындауға, бақылаусыз шелл-командаларды іске қосуға, тіпті қашықтан жаңаруға қабілетті. 2018 жылы Lenovo-ның техникалық директоры Питер Хортенсиус The Inquirer-ге сұхбатында: «Қытайда барлық компания бәкдор орнатады» деп ашық айтты. Бұл деректерді тексеру қиын. Дегенмен «сақтансаң сақтаймын» деген. Ал елімізде құрастырылған компьютерлік техникаға отандық бағдарламалық қамтылым орнатылса, мұндай тәуекелдерден арылуға мүмкіндік бар. Әрі олар ақпараттық қауіпсіздік сынағынан өтеді. Бұл – бір.

Екіншіден, құрастырумен айналысқанның өзінде компаниялар қазақстандықтарды жұмыспен қамтып, жалақысын төлеп, зейнетақы жарналарын, әлеуметтік төлемдерін аударып отыр. Олар елімізге салық төлейді. Ал шетелдік дайын өнімді сатып алғанда, қаражат толығымен жатжұртқа кетеді, солардың өндірушілерін байытады.

ҚАНША КОМПЬЮТЕР ЭКСПОРТТАДЫҚ?

Үшіншіден, коронавирус көптеген елде өндірістің тоқтауына, жеткізілімдердің кідіруіне соқтыруда. Мұндай жағдайда жергілікті өндірістің өркен жайғаны керек. Былтыр мемлекет оқушылар үшін компьютерлер мен ноутбуктерді шұғыл әрі үлкен көлемде сатып алғанда қазақстандық кәсіпорындар тез құрастырып берген, ал дайын өнімді жеткізушілер Қытайдың құрастырушы зауыттарындағы шектеулерге байланысты кешіккен көрінеді.

Төртіншіден, елде құрастырылатын компьютерлік техника функционалдық мүмкіндіктері бойынша да, сапа сипаттамалары бойынша да импорттық жабдықтан еш кем түспейді. Сонымен бірге қазақстандық өндірушілер өзі шығарған өнімге техникалық қолдау, сервистік қызмет көрсетеді. Шетелдік өндірушілер болса, одан бас тартып жатады. Бұл айналып келгенде оның қызмет ету мерзіміне кері әсер етеді. Ішкі нарық сапасыз өнімге толады.

Бесіншіден, саладағы 62 отандық кәсіпорын өз өнімдерімен халықаралық нарыққа шығуға талаптануда. Қазақстаннан 2018 жылы – 15 784, 2019 жылы – 13 988, 2020 жылы 12 547 бірлік компьютерлік техника сыртқа экспортталыпты. Оның бәрін дерлік ТМД елдері, Өзбекстан, Қырғыз Республикасы сатып алды.

Тұтастай алғанда, 2020 жылы Қазақстанда 59,3 мың компьютерлік техника өндірілді. Бұл 2019 жылмен салыстырғанда 6 есе көп! Цифрлық есептеу техникасының өндірісі тұтастай дерлік Алматыда шоғырланған: Алатау бөктеріндегі мегаполисте 58,1 мың құрылғы жасалды: 1 жыл бұрынғыға қарағанда 6,8 есе артты. Қарағанды облысында индустрия кері кетуде: былтыр 1,1 мыңға жуық техника жасалды, бұл алдыңғы жылдағыдан 15,5% кем. Нұр-Сұлтанда алғаш рет 124, ал Жамбыл облысында 24 компьютер (+20%) өндірілді.

Өндірісін еселеп арттырғанына қарамастан, отандық кәсіпорындар қуатының жартысын да жүктей алмады. Ел Үкіметі оларды 90-100%-ға дейін жүктеуді мақсат етіп отыр. Бұған «тыйымды енгізу» ықпал етуі тиіс.

Беларусь IT компаниялары бізге ауып келмек

Қазақстандықтар мен бизнестің, мемлекет пен квазисектордың миллиардтаған қаражаты шетелге кетуде. Жалпы алғанда, Қазақстан 2020 жылы 1 миллион 630 мың бірлік компьютерлік техника тұтыныпты. Бұл 2018 жылғыдан 2 есе артық. Соның ішінде 1 миллион 530 мың компьютерді еліміз шетелден импорттады. Сөйтіп, 246 миллиард теңге жатжұрттық елдердің экономикасына құйылды, солардың өркендеуіне қызмет етті. Нақтылай кетсек, осы өнімдердің 82%-ы – Қытайдан, 10%-ы – Вьетнамнан, тағы 8%-ы Ресейден әкелінді.

Ал Ұлттық экономика министрлігінің деректері бойынша, 2020 жылы мемлекеттік сатып алу арқылы Үкімет пен әкімдер 36 млрд 924 млн теңгеге компьютерлік техника алған. Экономика ведомствосы осы мемсатып алулардағы жергілікті өндірушілердің үлесі 2019 жылы 39% болса, былтырғы 2020 жылы 8,71%-ға дейін құлдырағанын жеткізді.

Сондықтан Б.Мусин ұжымы ең болмаса, мемлекеттік сатып алуда шетелдік өнімді алуға тыйым салуды, тек елімізде құрастырылған компьютерлік техниканы тендерге жіберуді ұсынды. Осы мақсатта «Ұлттық режимнен алып тастауды белгілеу туралы» қаулы жобасы әзірленіп, қоғамдық талқылауға шығарылды. Егер құжат қабылданса, мемлекеттік сатып алу мақсатында шетелден компьютерлер, мониторлар, ноутбуктер әкелуге жол берілмейді.

Құжат әзірлеуші мамандардың ұстанымынша, бұл шектеу отандық кәсіпорындарға өндірістік қуатын ұлғайтуға, жұмыс орындарын 12-15% арттыруға, бюджетке салық түсімдерін 30% көбейтуге мүмкіндік береді.

Өз кезегінде отандық кәсіпорындар мемлекет пен квазисектордың осы техникаға деген мұқтаждығын өздері толық өтеуге дайын екенін білдірді.

Бұл бастаманы 2021 жылғы 4 тоқсаннан бастап енгізу жоспарланыпты, I кезеңде өзге меморгандардың келісімін алу, нормативтік-құқықтық базаны әзірлеу жүреді. Екінші кезеңде, келесі 2022 жылғы I тоқсаннан бастап тыйымды енгізу қарастырылуда.

Қазақстан бұл саланы дамытуға білек сыбана кіріспек. Мемлекет экспортқа жұмыс істейтін IT компаниялар шығындарының бір бөлігін бюджеттен субсидиялауға шешім қабылдады. Сондай-ақ оларға 6% ставкамен жеңіл несие беріп жатыр. Бұған қоса Astana Hub тынышы кеткен Беларусьтен 600-ге жуық IT компанияны елге тартуда: олар «Астана» қаржы орталығы мен Astana Hub резиденті ретінде тіркелу рәсімінен өтіп жатыр.

Кім біледі, бәлкім Қазақстан компьютермен жаһанды жабдықтайтын елдің біріне айналар? Вьетнам да осылай бастады емес пе?!

Баламалы энергетика саласындағы ынтымақтастық туралы келісті

Дүйсенбі, шілденің 26-сы күні «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасы (бұдан әрі – ҚМГ) Алик Айдарбаев Eni компаниясының бас атқарушы директоры Клаудио Дескальцимен кездесті. Келіссөз барысында тараптар болашақ ынтымақтастық мәселелерін және баламалы энергетика саласындағы бірлескен жобаларды іске асыруды талқылады.

«Соңғы 6 жыл ішінде Eni компаниясы жаңартылатын энергия көздерінің, биоотынның жаңа технологияларын және баламалы энергетика саласындағы басқа да инновацияларды әзірлеуге 5 млрд еуро инвестиция салды. Біз Қазақстан Республикасымен осы бағыттарды әрі қарай дамыту үшін өз білімімізбен, технологиялар және құрал-жабдықтарымызбен бөлісуге дайынбыз», – деді К.Дескальци.

Сонымен қатар ол Eni және КМГ-ның, сондай-ақ жалпы қос елдің көмірсутек бейтараптығы мен декарбонизацияға жету жөніндегі міндеттері ортақ екенін атап өтті.

«Бүгін қол қойылатын меморандумдар – бұл осы мақсат-міндеттерге жетудің кезекті қадамы», – деді Eni басшысы.

Өз кезегінде Алик Айдарбаев Қазақстан аумағында жаңартылатын энергия көздері нысандарының бірлескен жобаларын іске асыру жөніндегі ауқымды әлеуетіне баса назар аударды. Бұл ретте ол жерлерде шығарылатын электр қуаты ҚМГ компаниялары тобының кәсіпорындарында да қолданылуы ықтимал.

«Жаңартылатын энергия көздерінің бірлескен жобаларын іске асыру ҚазМұнайГазға «жасыл» энергетикадағы үлесін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл компанияның жеке өндіріс активтерінде «көмірсутек ізін» азайту жөніндегі стратегиялық мақсатына сай келеді. Біз ортақ талпынысты қолдаймыз және осы бағытта әрекет жасауға дайынбыз» деп атап өтті А.Айдарбаев.

Сол күні Премьер-Министр Асқар Маминнің Клаудио Дескальцимен кездесуі барысында ҚМГ мен Eni екіжақты құжатқа қол қойды. Атап айтқанда, электр энергиясын өндіру және іске асыру үшін энергетикалық ауысу жобаларын әзірлеудегі ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Келісім аясында жаңартылатын энергия көздері саласында және «жасыл» энергияның өндірісінде бірлескен жұмыстар атқару жоспарланып отыр. Тараптар жел және күн электр стансаларының салу, бірінші кезекте ҚМГ компаниялары тобының өндіріс нысандарына электр қуатын өндіру жобаларын анықтау үшін техникалық-экономикалық зерттеулер жүргізетін болады.

Бұдан бөлек, ҚМГ мен Eni ынтымақтастық және Қазақстан Республикасында ауылшаруашылық және сутегі жобаларын дамыту жөніндегі меморандумға қол қойды.

Меморандум сутегі өндірісі және кейіннен өңдеп, биоотын өндіру үшін Қазақстан аумағында май дақылдарын өсірумен байланысты ауылшаруашылық жобалары саласында техникалық-экономикалық зерттеулер жүргізуге негіз болып есептеледі.

Өз кезегінде Eni компаниясы Қазақстан азаматтары мен қазақстандық ұйымдарды тарта отырып, өндірістен қол үзбей оқыту ұйымдастырады және тәлімгерлікті үйретуді қамтамасыз етеді.

Серік ӘЛІМЖАНОВ

TikTok house: жастар жиналатын жаңа «үй»

Соңғы бесжылдықта әлеуметтік желілердің қоғамға деген ықпалы тым артты. Қазір желілер табыс табудың негізгі құралына айналды. Осындай танымал бағдарламалардың бірі – TikTok. Әлемде өзге желілерден қарағанда жазылушылары тым көп. Соңғы кездері TikTok house атты ұғым кең тарала бастады. Бір сөзбен айтқанда, әлеуметтік желі арқылы мол ақша табатын «отбасы». Дегенмен ақша тапты екен деп блогерлердің барлық іс-әрекетін дұрыс дей аламыз ба? Себебі олардың ерсі қылықтары жасөспірімдерді теріс бағытқа бұрып бара жатқандай.

Мадияр ТӨЛЕУ

ТАНЫМАЛДЫҢ БӘРІ ҮЛГІ БОЛА МА?

TikTok соңғы 2 жылда үлкен қарқынмен өсті. Қазір бұл желіде қазақстандық жасөспірім блогерлер де миллиондаған теңге табыс табады. Әуелі TikTok house-тың не екеніне тоқталсақ. Бір сөзбен айтқанда, бұл –TikTok «үйлері». Бұл ұғым алғаш рет 2019 жылы АҚШ-та пайда болды. Блогерлер жиналып, бір үйде тұрып, бірге бейнежазба түсіреді. Осылай өз командасы мен кеңістігін қалыптастырады. Көп ұзамай осындай «үйлер» бүкіл әлемде, соның ішінде Қазақстанда да ашыла бастады. Бүгінде мұнда жеке пайдаланушылармен қатар, брендін дамытқысы келетін компаниялардың да TikTok-қа қызығушылығы артып отыр. Әсіресе, блогер мен кәсіпкерлер үшін жарнама жасауға жаңа мүмкіндік туды. Егер ебін тапса, қарапайым қолданушылар да TikTok арқылы табыс таба бастады.

Ал енді қазақстандық TikTok house-қа тоқталсақ. Елімізде ең танымалдары – Bip house, Savage house, Yolo house, және Kex house. Қазақстанда пайда болған ең алғашқы әрі ең танымал TikTok house – Bip house болатын. Шығармашылық топ мүшелері өздері туралы 2020 жылы шілдеде ресми мәлімдеді. Bip house ашылған бірінші күні аккаунтына лезде 100 мың адам жазылған. Қазір олардың 10 миллионнан аса жазылушысы бар. 10 адамнан тұратын «үй» Алматы қаласының маңында орналасқан. Айтпақшы, бұл «отбасы» танымалдылық жағынан әлемде үшінші, ал ТМД елдері бойынша бірінші орынға ие. Yolo house былтыр қазанда ашылғанына қарамастан, қазір 5 миллионнан аса жазылушысы жинап үлгерді. Командада 7 тиктокер бар. Бір мүшесі – Yolo есімді мысық екен. Тағы бір ерекшелігі – топта әртүрлі ұлт өкілдері бар. Ал үздік үштікті Қазақстанда екінші болып құрылған Savage house қорытындылайды. Алғашқы 3 ай уақытта 379,5 мың адам жинаған. Қазір бұлардың 600 мыңға жуық жазылушысы бар. Жалпы, басылған лайк саны әлдеқашан 20 миллионға жеткен. Команда құрамында 8 тиктокер бар, олардың қатарында елге Kagiristwins деп танылған егіз қыздар да бар. Томирис және Наргиз есімді егіздер TikTok-тағы фоллоуерлер саны бойынша Қазақстандағы тиктокерлердің көшін бастап тұр. Дегенмен тиктокерлер қауымын жастарға үлгі ретінде санауға бола ма? Бозбалалар мен бойжеткендер арасында әлем бойынша кеңінен қолданылатын желіде қабылдауға қиын жазбалар да жетерлік. Ал оны көрген балалардың санасында өзгеше бетбұрыс болары айтпаса да белгілі.

«АТЫҢ ШЫҚПАСА ЖЕР ӨРТЕНІҢ» КЕБІ МЕ?

TikTok қосымшасы басқа әлеуметтік желілер секілді видеоларын сүзгіден өткізбейді. Яғни, экстремизмді нәсихаттап жатсаңыз да көңіл бөлмеуі мүмкін. Біреуді кемсіткен пікірлер жазатындардың да аккаунтын бұғаттамайды. Әркім өзі қожа, өзі би мұнда. Салдарынан бұл платформа арқылы теріс пиғылдылар да ойындағысын іске асыратындай. Мәселен, Еуропа мен Ресейде тым ашық киініп, камера алдында билеген қыздар педофилдердің құрығына түсіп жатқан көрінеді. Әлем елдерінде мұндай оқиғалар жиілеп кеткен. Абырой болғанда, елімізде мұндай жағдай әлі тіркелген жоқ. Десе де, мамандар жастар қайда болса, арам пиғылды адамдардың сонда болуы заңды құбылыс дейді. Айтпақшы, танымал болғысы келген тиктокерлер небір қауіпті әрекеттер істеп жатады. Мысалы, былтыр жыл соңында жасөспірім Ақтауда көпқабатты үйдің шатырына шығып, сальто жасаған болатын. Кейін баланың кім екені анықталып, әке-шешесі жауапқа тартылды. К сіби психолог Д улет Өскенбаев тегін жатқан ешқандай дүние жоқ екенін айтады.

– Бұл жерде пайда көздеген топтардың мүддесі тұр. «Оңай олжаға кенелту», «жоқ нәрсені көзге елестету» тәсілдерінің бәрі –сихологиялық манипуляция. Оны арнайы курстар арқылы да бден үйреніп алуға болады. Тіпті, екі адам бір нәрсеге бәстесіп қалса, ұтылған адамның көңілі пәс тартады ғой. Ал жаңағы «ойындарға» мыңдаған, тіпті миллиондаған адамдар қатысып жатыр. Тобырлық санаға ерген адамдардың арқасында оңай ақша жасап, пайдаға кенеліп жатқандар бар. Себебі біздің санамызда ақшаға деген көзқарасымыз тұрпайы. Ең басты құндылық – адам емес, ақша деп ұғынатын болдық. Сосын оқыған, сауатты, шынайы жұмыс істейтін адамның 24 сағат бойы әлеуметтік желіде отыратын уақыты болмайды ғой, – дейді маман.

Қалай болғанда да, әлеуметтік желі хабар алмасу, байланыс, жаңалықтармен қатар, тұрпайы істердің де «жаршысы» болып отыр. Оларды түбегейлі жою – тығырықтан шығар жол емес. Абзалы, саналы адам «жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренсе» керек. Ал балалардың жайына келгенде, бұл мәселе күрделілігін арттыра беретін тәрізді.

ҚАЗАҚТЫҢ КӨҢІЛІ ҚОРАДАҒЫ МАЛЫНА ҚАРАП СЕМІРЕДІ

Қазақстанда кез келген тауар бағасының нарқы жыл сайын ең кемі 10-15%-ға артып отыратыны ешкімге жасырын емес. Бірақ індет кезіндегі қымбатшылық халықты қатты титықтатып тастады. Биылғы көктем мен жазда бірінің соңынан бірі іркес-тіркес келген жанар-жағармай, сосын азық-түлік бағасының күрт көтерілуі, енді қуаңшылық күзде ет құнын аспандатып жібере ме деп елді үрейлендіріп отыр.

Дәулет АСАУ

Қуаныш САПАРБАЙ *(инфографика)*

Осы мақаланы жазу барысында ауылдағы ағайынмен хабарласқанымызда, биыл тек Батыс пен Оңтүстікте ғана емес, Қазақстанның Орталық аймақтарында шөптің сирек шыққанын естідік. Бұған жекеменшік малын жаятын жердің тапшылығын, шабындық алқаптарының көбі байшыкештердің уысында отырғанын ескерсек, жұрттың тегіннен-тегін секем алмағанына көзіміз тағы жете түсті. Соңғы деректер бойынша, халықтың мал бағымы үшін 32,4 млн га жайылым жетіспейді. Бұл жайтты Үкіметтің кейінгі кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі қатты сынға алған болатын.

«Биыл Көкшетаудың айналасында шабындық шөп сұйық болып тұр. Осыдан он күндей бұрын жаңбыр жаумай, жердің үсті сарғая бастап еді, Аллаға шүкір жаңбыр жауып, елдің көңілі көтеріліп қалды. Дегенмен шөп жылдағыдай болмайды. Шөп сататындар да бағаны шырқатып жіберіпті. Бір шаршы тюк 1000 теңге. Дөңгелек тюк 16 000 теңгеге дейін. Өз болжамымша, далада қыстап шығатын жылқыға осындай ауа райы тұрса жаман болмас, ал қорадағы мал биыл күзде азаятын шығар. Бұл келесі жылы ет қымбаттайды деген сөз. Жем қалай болатыны да дұдамал жағдайда»,– дейді көкшетаулық белгілі ақын Құдайберлі Мырзабек.

МАЛ БАСЫНЫҢ КЕМУІ МҮМКІН БЕ?

Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми дерегіне сүйенсек, 2020 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда мал саны келесідей: жылқы – 3,100 млн бас, ірі қара саны – 7,8 млн бас, түйе – 225 мың бас, қой-ешкі – 22,9 млн тұяқ, шошқа – 822,2 мың және құстың саны 47,3 миллионға жеткен. Жалпы, кейінгі бірнеше жыл бойы республикада мал басы үздіксіз өсіп отырған, бірақ биылғы қуаңшылықтың кесірінен осы оң үрдіс үзіліп қалатын сияқты.

Мал баққан қазақтың шаруашылығы қашанда ауа райына тәуелді. Егер жаз бойы жауын-шашын әдеттегіден аз жауып, қуаңшылық жалғаса беретін болса, ол мал басының кемуіне ұрындыруы әбден мүмкін. Мұндай жағдайда қысқы маусымға жеткілікті қор жинап ала алмаған шаруаның қолындағы төрт түлігін арам қатырғанша, пышаққа салғаннан басқа амалы қалмайды. Мал басы жаппай пышаққа іліккен соң нарықта ет өнімдерінің көлемі сұраныстан анағұрылым артып, еттің бағасы уақытша төмендеуі мүмкін. Бірақ елдің қолындағы мал басы көп кеміп кетуі салдарынан күзде, қыста еттің құны еселеп артып, ие бермей кетуі кәдік. Міне, нағыз дүрбелең сол кезде басталады дейді кейбір сарапшылар.

Ауыл шаруашылығы вице-министрі Рүстем Құрмановтың айтуынша, оған жол бермеудің түрлі амалдары қарастырылып жатыр.

– Біз қуаншылық жағдайынан неғұрлым шығынсыз құтылудың түрлі амалдарын қарастырамыз. Тәжірибелі мамандармен, ірі мал шаруашылығы құрылымдарының иелерімен сөйлесіп, ақылдасамыз, сарапшы қауымның пікіріне жүгінемізі, тығырықтан шығудың кешенді жолын әзірлейміз, – дейді вице-министр Р.Құрманов.

Оның айтуынша, маусымдық жауын-шашын әдеттегіден аз түсетін болса, онда шілде айының соңы, тамыз айының басында арпа, жүгері және екпе шөптерді өсіру қолға алынбақшы. Сондай-ақ жемшөп тапшылығы байқалған өңірлерге Үкімет тарапынан көмек ұйымдастыру шарасы да күн тәртібінен түскен жоқ.

Қазіргі қуаншылықтан негізінен ұсақ фермерлер мен жекенің малы зардап шеккен. Ірі шаруашылықтар жемшөп қорын көп жылдар бойы үзбей жинап келе жатқандықтан, олар аса қатты қинала қойғаны байқалмайды.

ҚОЙ БАҒАСЫ НЕГЕ ЕРЕКШЕ ҚЫМБАТ?

Сонымен бірге, қазір базарда жылқы мен сиыр етіне қарағанда қой етінің бағасы шырқап тұр. Мәселен, 2021 жылдың шілде айында қой етінің бір келісі орташа алғанда 2,6 мың теңгеге саудаланған. Бұл былтырғы сәйкес мерзіммен салыстырғанда 14,4%-ке жоғары. Қой еті, әсіресе Нұр-Сұлтан, Алматы (келісі 3,2 мың теңге) және Қарағанды (2,9 мың тг) қалаларында қымбат. Сондай-ақ Батыс Қазақстан өңірінде де қатты қымбатшылық байқалады.

Сонымен қатар жылқы еті – 2,4 мың теңгеге дейін (7,2 %), сиыр еті – 2,1 мың теңгеге дейін (6,4 %), шошқа еті – 1,7 мың теңгеге дейін (6,4 %), тауық еті 965 теңгеге дейін (4,1 %) өскен.

Министрлік өкілдері қой бағасының ерекше қымбатшылығын аша тұяқтыларды сыртқа тірідей және сойып сату арқылы тасымалдаудың күрт көбеюімен байланыстырады. Мәселен, 2021 жылдың қаңтар-маусым айларында шаруашылықтарда жалпы жиынтық салмағы 131,8 мың тонна болатын тірі қой (2020 жылмен салыстырғанда 2,1% көп) және 65,7 мың тонна (былтырғыдан 1,9% көп) қой еті сатылған.

Қазір Қазақстанда саулық қойларды басқа елдерге тірідей экспорттауға тыйым салынған. Бүгінде Үкімет мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен біргігіп кіші аша тұяқты малды сыртқа тірідей экспорттауға толықтай тыйым салатын шараны қарастырып жатыр. Сарапшылар қой етінің қымбаттауының басты себебі осы деп отыр.

ЕТТІ ҚАЙ ӨҢІРДЕ КӨП ЖЕЙДІ?

Осы жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша, адамдардың ет пен ет өнімдерін тұтыну көлемі былтырғы сәйкес мерзіммен салыстырғанда бес пайызға төмендеп кеткен. Бұл жан басына шаққанда 19,8 келіден айналды. Energyprom.kz зерттеуіне сүйенсек, етті ең көп Павлодар облысында – адам басына шаққанда 24 келіден, ең аз Шымкентте – 14,6 келіден жейді екен.

2020 жылы әрбір қазақстандық орташа алғанда айына 7 келіден ет пен ет өнімдерін тұтынған. Жалпы, статистикалық кестеге қарасақ, қазақтың етке деген аңсары жылдан-жылға үздіксіз ұлғая беретінін көреміз. Мәселен, осыдан 20 жыл бұрын ол айына 3,7 келі ет жесе, былтыр айына 7 келіге дейін етті жәукемдейтін болған. Тек биылдан бастап ет өнімдерінің барлық түрлері бойынша тәбетін тыя тұруына тура келді. Мәселен, сиыр етін тұтыну – 1,9 пайызға, қой етін тұтыну – 3,9 пайызға, жылқы етін тұтыну – 5,4 пайызға, шошқа етін тұтыну 5,9 пайызға дейін төмендеді.

2021 жылдың бірінші тоқсанында үй шаруашылықтарының тұтыну шығындарының құрамындағы ет және ет өнімдерінің үлесі 17,9 пайыз болды. Ет өнімдері былтырмен салыстырғанда 6,8 пайызға, өткен аймен салыстырғанда 0,9 пайызға қымбаттады.

Су керек, су!

(Басы 1-бетте)

Еркеғали БЕЙСЕН

Негізінен су тапшылығы оны тиімсіз қолданудың кесірінен басталғаны анық. Айталық, алақандай ғана Түрікменстан жан басына шаққанда 5,5 мың текше метр су шығындайтын көрінеді. Ал бұл дегеніңіз алып АҚШ-тың көрсеткішінен 4 есе, тіпті Қытайда тіркелген су ресурстарын пайдалану деңгейінен 13 есе көп! Су ресурстарын тиімсіз пайдаланатын елдер қатарында 4 және 5-орындарда тұратын Өзбекстан мен Қырғыз елінің әр тұрғыны шамамен 2 мың текше метр су жұмсайды. Сондай-ақ бұл тізімде Тәжікстан 7-ші, Қазақстан 11-орында тұр.

Осылайша, трансшекаралық өзендерді сорға айналдырып тынсақ, алдағы 20 жылда тұщы су қоры азайып, оны тұтыну көрсеткіші 56 пайызға жетуі мүмкін екен. Өйткені Қазақстандағы негізгі су көздерінің бастауы сыртта жатыр. Соны ескерген ел Үкіметі «Су ресурстарын басқарудың 2020-2030 жылдарға арналған бағдарламасы» жобасын дайындауға кірісті. Одан қандай нәтиже шығарын әзірге білмейміз.

АУЫЛ ЖҰРТЫ АРБА СҮЙРЕП ЖҮР

Жалпы біз бар суды тиімді пайдалана алмай отырмыз. Ресми дерекке сенсек, елімізде судың 67 пайызы – ауыл шаруашылығына, 30 пайызы – өнеркәсіпке, қалғаны шаруашылық-тұрмыстық қажеттілікке жұмсалады екен. Биыл Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев: «Су саласынан көріп отырған негізгі тәуекел – ағын судың төмендеуі. Біздің есептеуімізше, ағын су жылына шамамен 100 текше шақырым болды және 2040 жылға қарай 30-40 пайызға азаю қаупі бар. Осыған орай, біз су үнемдейтін технологиялар енгізу, Қазақстанның бүкіл аумағында 28 су қоймасын салу сияқты бірқатар шараны қабылдауымыз керек. Тиісті тұжырымдаманы әзірледік», – деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа.

Бұл ретте саланың ұзақ жылдан бері қордаланып қалған проблемалары бар екенін де ескерген жөн. Мысалы, суға тариф есептеудегі тетіктің әлі күнге бірізге түспеуі мен тұтас республикадағы жағдайды жетік білетін білікті кадр тапшылығы байқалады. Сондай-ақ елдегі каналдардың 18 мың шақырымы күрделі жөндеуді қажет етеді десек, инфрақұрылымның тозуы кей өңірде 80 пайызға жеткен.

Мемлекет 2000 жылдан бастап «Ауызсу», «Ақ бұлақ», «Өңірлерді дамыту», «Нұрлы жол» сынды бағдарламалар аясында 48,2 мың шақырым инженерлік желі салған болатын. Бірақ тәуелсіз сарапшылар сол діттеген мақсатқа бөлінген 1 триллион теңгеден астам қаржыға елді мекендердің барлығына ауызсу құбырын ғана емес, басқа да тіршілікке қажетті инфрақұрылым орнатуға болатынын меңзеп отыр. Өкінішке қарай, біздің елде осындай басы бар, аяғы жоқ істер кейін дау-дамайға ұласып жатады. Сол әдеттен арылмауымыздың салдарынан, ауыл жұрты әлі де ауызсуды құдықтан арбамен тасып ішіп жүр.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АПАТҚА ҰШЫРАЙ БАСТАДЫҚ

Қоршаған ортаның бүлініп, жерасты суының құрып кетуіне табиғи және техногендік процестердің ықпалы зор екенін де мойындау керек. Атап айтқанда, Түркістан облысының Созақ ауданында уран өндіруден бүлінген жерасты сулары жергілікті тұрғындардың денсаулығына зиян келтіріп жатыр. Сонымен қатар кезінде Өскемен қаласындағы зауыттан далаға ағып, жерге сіңіп кеткен жүздеген тонна сынап қазір жылжып, Ертіс өзеніне жақындап қалды. Егер оның алдын алмасақ, сынап өзеннің суына қосылады да, төменгі ағыстағы елді мекендерді орасан шығынға батырады.

Апаттың үшіншісі – Памир мен Тянь-Шань шыңдарындағы мәңгілік мұздықтардың 1957 жылмен салыстырғанда 30 пайызға кемігені. Егер ол күтілгендей, 2025 жылға қарай 50 пайызға дейін түссе, түбінде Орталық Азиядағы, оның ішінде Қазақстандағы су арналарының суалып-тартылып, жаппай құрғақшылық жағдайына әкелуі мүмкін екен. Себебі 50-жылдары Қазақстандағы су қоры 120 миллиард текше метр шамасында болса, қазір оның көлемі 100 миллиард текше метрге дейін кеміді деген болжам бар.

Мысалы, жарты ғасыр бұрын Сыр өңірінде 3 мыңнан астам көл болса, қазір соның 200-і ғана қалған. Ал эколог Тимур Елеусізовтің айтуынша, Балқаш көліне соңғы 15 жылдан бері кешенді зерттеу жүргізілмеген. 2012 жылдың өзінде көлдің беті теңіз деңгейінен төмендеп кетіпті. «Балқаштың тартылуы бүкіл Қазақстанда экологиялық апат тудырады. Оның тұзы жүздеген, тіпті мыңдаған шақырымға ұшып, тау басындағы мұздықтарды ерітеді, яғни негізгі тұщы су қорынан айырыламыз. Ең бірінші кезекте Алматы сусыз қалуы мүмкін», – дейді эколог. Оның айтуынша, Балқаштың маңайындағы облыстарда барлығы 3 миллион адам тұрады. Көл тартылса, жаппай миграция жүретіні анық.

ТҮЙІН:

Таяуда елдегі өзендердің ластануы мен құрғап қалу проблемалары, арналарда заңсыз құрылыстар салу фактілері, елді мекендерді сумен жабдықтаудың мардымсыз жағдайы «Nur Otan» партиясы Экологиялық кеңесінің отырысында да талқыланды. Сол сәтте «Nur Otan»-ның өңірлік экологиялық кеңестері жасаған 200 түйінді мәселенің тізімі қаралған болатын.

Ауыл байланыс аясынан тыс жерде

Үкімет елдегі интернет желісінің 100 пайызға жақындап қалғанын айтып жылда жұбатады. Бүгіннің өзінде елді мекендердегі жұрт айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алып отырған көрінеді. Алайда өткен жылы қашықтан оқу үрдісіне көшкенде жоғарыда айтылған сөздің қаншалықты шындыққа жанасатынын көзбен көрдік.

Жадыра МҮСІЛІМ

Биыл да Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа есеп берген Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин биыл алты ай ішінде Қазақстандағы интернет трафигі 7 900 петабайтқа дейін артқанын айтты. Бұл былтырмен салыстырғанда 15 пайызға көбейген. Бір жыл ішінде елімізде мобильді ғаламтордың жылдамдығы бойынша Speedtest Global Index рейтингіндегі алатын орнын 15 сатыға жақсартып, 80-орынды иеленген. Қазақстан бекітілген интернет жылдамдығы жөніндегі рейтингте 65-орында тұр.

Ал интернет желісі қазақстандық сегментінің бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастыру мен дамытудың 2008-2012 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданғаны бар. Құжатта 2006 жылғы жүргізген зерттеулерге сәйкес, интернет желісіне қосылған мектептердің саны 95% болғаны көрсетілген. Оның ішінде 6 095 ауылдық мектептің 5 785-і немесе 94%-ы ғаламтордың қызығын көреді екен. Сырт көзге әдемі деректер бұлар.

Сымсыз байланысқа жауапты саланың қазіргі және бұрынғы басшылары 2012 жылдан бері елдің барлық аймағына ғаламтор желісі тартылып, цифрландырудың сыйын көрсетуге сөз беріп келеді. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің алдыңғы басшысы 2020 жылға дейін Қазақстанның кез келген жерінде интернет ұстайды деп еді. Қазіргі министр келесі жылға шегерді. Бәрінен бұрын 15 жыл бұрын 94% ғаламтормен қамтамасыз етілген ауыл мектептерінің еліміздің қай аймағында екені қызық. Өйткені былтыр ғана министр Бағдат Мусин 500 ауылда орнатылған ғаламтор желісі сын көтермейтінін өз аузымен айтқан. «Интернет» деген аты бар, бірақ заты жоқ 500 ауыл тұрғанда жыл аяғына дейін сымсыз желіні 1 200 ауылға жеткізу мүмкін еместей көрінеді.

ӘДЕТТЕГІ БАЙЛАНЫС ЖОҚ

Жақында министр Бағдат Мусин Қарағанды маңындағы Баймырза ауылындағы байланыс сапасын көру үшін елді мекенге екі рет барған. Таңертең және кешке жүргізілген өлшеулер ауылдағы байланыс сапасының төмендігін көрсеткен. Ауыл аумағында Теле-2 базалық стансасы орнатылса, екі метр қашықтықта Қазақтелекомның оптикасы салынғанына қарамастан Tele-2 мобильді интернеттің орташа жылдамдығы секундына 0,34 мегабит, Beeline мүлдем ауламайды, ал Kcell-ге тек 60 жағдайдың 24-інде ғана қосылу мүмкін болған. Осы іссапар туралы министрдің әлеуметтік желідегі жазбасына 164 адам пікір қалдырған. Олардың дені елдегі интернет сапасының төмендігін, ал кейбір жерлерде жақындармен байланыс орнатудың қиындығын айтып шағымданған. Түркістан, Алматы, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Ақмола мен Қарағанды облыстарының тұрғындары ведомство басшысын ауылдарына қонақ болып қайтуға шақырыпты. Үш жыл бұрын тартылған оптикалық сым қажетке жарамай жатқанын, енді бірі интернеттен бұрын ауыл халқы естіп-білмеген ұялы байланыстың қызығын көруді армандап жүргендерін айтады. «Бір өзіңіз бүкіл облысты биыл аралап бітпейсіз. Өзіңіз тұрып жатқан елордадан 15-20 шақырым алыстасаң, байланыс жоқ. Біздің Үкімет қандай цифрландыру туралы айқайлап жатқанын түсінбеймін. Бізде әдеттегі байланыс жоқ», – дейді Нұр-Сұлтан қаласының тұрғыны Жанат Кәкімжанов. Ал ірі мегаполис саналатын Алматыдағы Алатау ауданы Дархан шағынауданы Жалағаш көшесінде мүлдем интернет жоқ көрінеді. Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Аппаз ауылында WhatsApp хабарламасы жарты күн жүреді екен.

СЫМСЫЗ ЖЕЛІ СЫН КӨТЕРМЕЙДІ

Бес жылдан бері тұрғындар саны 250-ден асатын ауылдарға интернет жеткізу жобасы қолға алынды. Қазір 928 ауылдың 60-қа жуығында базалық станса орнатылған. Бірақ сымсыз желінің сапасы сын көтермейді.

Байланыс саласының маманы Гүлім Жанайдарова біздегі базалық стансаның өзі стандартқа сәйкес орнатылмайды деп отыр. «Мысалы, олардың арақашықтығы 100, 200 метр болу керек болса, бізде олардың арасын 500-600 метр ұзартып тастайды. Осыдан кейін интернет ұстамайды. Қаланың қақ ортасында интернет нашар деп жатады. Өйткені жобалаушылар базалық стансаны 4 қабатты үйдің төбесіне орнатады. Оның қасындағы 10 қабатты үй сигнал өткізбейді. Сосын жаңағы айтқандай аралары ұзақ. Бір базадан бір базаға сигнал бармайды. Шуылдап дұрыс естілмейді, бұрмалау коэффициенті бір-бірін көрсетпейді. Екіншісі оптикалық жүйе деп аталады. Ол да ауылды жерлерде дұрыс орнатылмаған. Қаражаттың жеткіліксіздігінен стандартқа сәйкес жасалмайды. Әйтпесе Еуропа елдерінің барлығында оптика тартқан. Жақында Польшада болдым. Кез келген жерде интернет зуылдап тұр. Ол жақта да оптика тартылған», – дейді Гүлім Жанайдарова.

Кез келген қазақстандық қалаған жерінде ғаламторға қол жеткізіп, әлемдегі соңғы жаңалықтан құлағдар болып жатса, қуанасың, әрине. Дегенмен әлемдік рейтингтегі орыннан бұрын онлайнға қолжетімділікті арттыру маңызды болып тұр. Өйткені елдімекендердің 99%-ы сапалы интернетпен қамтамасыз етілгенімен, қаланың ортасында келіп жатып-ақ ғаламтор қатып қала беретіні рас. Ал шалғайдағы ғаламторға қолы жетпеген мыңнан аса ауылдың бірқатары байланыс аясынан тыс жерде өмір сүріп отыр. Екі жылдан бері онлайн сабақ өту үшін ұстаздар жарым түнде жаяулатып, оқушылар білім алу үшін тал-терекке өрмелеп кеткенін білеміз. Ал 2020 жылдың соңына дейін 250-ден астам тұрғыны бар 1 250 ауылға оптика тартылатынын айтқан министрлік бұл міндетті келесі жылға қалдырды. Елде қауіпті індетпен ауырғандар саны күн сайын артып келеді. Баласының амандығы үшін бас ауыртқан ата-аналар қашықтықтан оқу үрдісі қабылданар болса, былтырғы көрініс тағы қайталана ма деп қауіптенеді.

Әсел БАЛТАҚЫЗЫ *(коллаж)*

Коронавирус кеселі өңірлерде өрши түсті. Жамбыл облысы 18 шілдеден бастап «қызыл аймақта». Жергілікті билік індет жұқтырмаудың бірден-бір жолы вакцинация екенін айтқанымен, тұрғындардың дені екпе салдыра алмай жүр. Оған себеп – бұқара емханалардан көңіліндегі екпені таба алмауда. Ал жаппай салынып жатқан ресейлік «Спутник V» вакцинасына көпшіліктің үміттен гөрі үрейі басым болып тұр.

QazVac: отандық екпе неге жетпей жатыр көпке?

Саятхан САТЫЛҒАН

ҚАНША ВАКЦИНА КЕЛДІ?

Ең әуелі соңғы эпидемиологиялық ахуалға тоқталсақ, облыс бойынша есепті кезеңде 11 563 адам коронавирус инфекциясын жұқтырыпты. Пневмониямен 5 624 адам ауырған. Өлім көрсеткіші 85 адамды құрап отыр.

– 26 шілде күні инфекциялық стационарға 1 750 адам түсті. Бұл дайындалған төсек-орнының 54 пайызын толтырып отыр. Ал жансақтау бөлімінде 110 науқас жатыр. Карантин стационарына 68 азамат орналастырылса, 50 науқас емделіп шықты.

Тәулік бойы 700-ге жуық шақырту түсіп жатса, облыс бойынша 159 мобильді топ жұмыс істеуде. Жедел жәрдемді шақырту 123-ке артып, 2 406-ы құрап отыр. Осыған орай коронавируспен ауырған науқастарды емдеу үшін 1 540 инфекциялық және 188 реанимациялық төсек-орны дайындалуда. Коронавирусты емдеуге қажетті дәрі-дәрмектің 2 айлық қоры сақталып тұр, – дейді облыс әкімдігі Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әсет Қалиев.

Вакцинацияға келер болсақ, өңір бойынша 18 жастан асқан 582 000 тұрғынға екпе салу жоспарланған. Қазір 274 683 адам екпе алып, жоспарлы меженің 47,2 пайызын құрап отыр.

Биыл 1 ақпаннан бастап облысқа 10 000 доза QazVac отандық вакцина (5 000 адамға), 241 400 доза «Спутник V» вакцинасының 1-компоненті және 191 700 доза 2-компоненті, 60 000 доза (30 000 адамға) Hayat-Vax вакцинасы және 34 000 доза (17 000 адамға) CoronaVac вакцинасы келген. Жалпы өсіммен 274 683 азамат 1-компонентімен, оның ішінде 5 000 адамға – отандық, 222 780 адамға – «Спутник V», 29 911 адамға – «Hayat-Vax» және 16 992 тұрғынға «CoronaVac» вакцинасы салынған.

ҚАНША ВАКЦИНА ҚАЛДЫ?

Міне, бұл облысқа келген вакцина мен егілген адамдардың саны. Ал енді қорымызда қанша вакцина қалып отыр? Тұрғындар не себепті көніліндегі вакцинаны таба алмай, емханалардың есігін тоздырып жүр? Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әсет Қалиевтің айтуынша, екпе егу жұмыстары басталғаннан бері облысқа әртүрлі компанияның 302 мың вакцинасы келген. Соның бүгінде 26 мың дозасы қалған көрінеді.

– Қорда қазір «Спутник V» вакцинасы ғана болып тұр. Оның бірінші компонентінің 18 620, екінші компонентінің 67 636 дозасы бар. QazVac пен Hayat-Vax-тың бірінші компонентінен мүлде жоқ. QazVac-тың тек екінші компонентінен 1 947 доза және Hayat-Vax-тың екінші компонентінен 2 829 доза қалып отыр. Оны біз екпенің бірінші дозасын қабылдаған адамдарға саламыз. CoronaVac вакцинасына келсек, бірінші компонентінің 8 және екінші компонентінің 3 855 дозасы сақтаулы тұр, – дейді басқарма басшысы.

Міне, қорда қалып отырған вакцинаның мөлшері – осы. Демек, бұқара тектен-тек шырылдап жүрген жоқ. Дәл қазір Жамбыл облысын жеті айналсаң да «Спутник V» вакцинасынан басқасын таба алмайсың. Ал бұл екпеге халықтың үмітінен гөрі үрейі мен күдігі басым. Себебі ел арасында ресейлік екпені салдырғаннан кейін ауырған немесе тіпті өмірден өтіп кеткен адамдар туралы әңгіме жиі айтылады.

Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әсет Қалиев өңірге ресейлік вакцинаның көп дозасы келгендіктен, екпе алғандардан түрлі белгілері байқалып жатқанын айтады. Алайда облыстың бас дәрігері кез келген вакцинаның өзіндік әсері болатынын алға тартады.

– QazVac-тың Жамбыл облысына 5 000 адамға ғана шақталған дозасы келді. Сол себепті бітіп қалып отыр. Алайда қыркүйек айында Қордай ауданындағы зауыт толықтай іске қосылғанда қосымша вакцина келеді деп күтілуде. Одан бөлек, жуырда Pfizer компаниясының да вакцинасы өңірге жеткізіледі. Ол екпені 12 жастан жоғары балаларға салуға болады.

Жасыратыны жоқ, қазір коронавирус індетінің жаңа штамымен облыста 53 бала ауырып жатыр. Оның біреуінің жағдайы ауыр. Сондықтан Pfizer вакцинасының аймаққа тез келіп, оны балаларға салуға Үкіметтің рұқсат беруін күтіп отырмыз, – дейді Әсет Әскерұлы.

ВАКЦИНА САЛДЫРМАЙ ІНДЕТТЕН САҚТАНУҒА БОЛА МА?

Негізі, Қордай ауданындағы Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институты сәуір айында 50 мың доза QazVac вакцинасын шығарған болатын. Бұл 25 000 адамға жетеді деп күтілген. Соның Жамбыл облысына 10 000 (5 мың адамға есептелген) дозасы ғана келген. Алайда Үкімет басшысының орынбасары Ералы Тоғжанов мамыр айында тағы 50 мың доза отандық вакцинаны шығару үшін Түркия мемлекетімен келіссөз жүргізіліп жатқанын айтқан болатын.

«Түркия мемлекетінің вакцинасы болмағанымен, үлкен өндіріс орындары бар. Сол себепті олармен алдын ала келісімге келдік. Сондай-ақ Түркия елімен зауытты сүйемелдеу және салу туралы мәміле де жасалды. Бұдан бөлек, вакцинаның халықаралық стандарттарға, бірінші кезекте GMP талаптарына сәйкес келуі үшін және жабдықтың өзін монтаждауға демеу көрсету туралы уағдаластық болды. Яғни, Түркияда тек құйылады, ал өндіріс біздікі» деген еді сол кезде Ералы Тоғжанов.

Алайда мамыр айы былай тұрсын, шілде айының өзінде QazVac вакцинасының қосымша дозасы шықпағанын ескерсек, түріктермен ел Үкіметі мәмілеге келе алмаған секілді. Енді тек Қордай ауданындағы зауыт іске қосылатын қыркүйек айын күтуге тура келіп отыр.

Жамбыл облысы

Еңбек дауы өршіп тұр

(Басы 1-бетте)

Роза ШӘКЕН

Еңбек дауларына қатысты басқа істер бойынша талап-арыз берушілер мемлекеттік қызметшілер, полиция қызметкерлері. Олар жұмыстан босатылуына, сөгіс жарияланғанына, тәртіптік іс қозғалғанына қарсы.

Мәселен, Петропавл қалалық әкімдігі жанындағы тұрғын үй комиссиясының өкілдері пәтер кезегіндегі жалғызбасты ананы некеге тұрғанына байланысты шығарып тастағаны үшін бастары бәлеге қалған болатын. Кезектен шығарылған адам оларды сотқа беріп, нәтижесінде Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттіктің облыстық департаменті шенеуніктерге қатысты қызметтік тексеріс жүргізіп, тәртіптік іс қозғаған. Қорытындысында кінәлі деп танылған қызметкерлер – Петропавл қаласы әкімінің орынбасары Асқар Хабибулин, бөлім басшылары Марат Ерханов, Данияр Асылбеков, Серік Сабралин, Наталья Дероваға қатысты тәртіптік жаза қолданылған. Алайда мұнымен келіспеген шенеуніктер сотқа жүгінген. Бірінші сатыдағы сот олардың талап-арызын қанағаттандырмай, облыстық сот та сол шешімді күшінде қалдырған. Ал Жоғарғы Сот бұл шешімді бұзып, істі шенеуніктердің пайдасына шешкен.

Сондай-ақ жұмыстан шығарылған Мамлют және Ақжар аудандық ауруханаларының бас дәрігерлері де әділдікті соттан іздеуге мәжбүр болыпты. Екеуі бір-біріне ұқсас істер болғанымен, шешімдері әртүрлі. Ақжар аудандық ауруханасының бас дәрігері Шолпан Сәбитова облыстық Денсаулық сақтау басқармасын жеңіп, қызметіне қайтарылса, мамлюттік бас дәрігер Марина Коробкова жеңілген. Айта кету керек, екі бас дәрігер де пандемия кезінде еңбек қауіпсіздігін сақтамай, аурухана қызметкерлерінің коронавирус инфекциясын жұқтырғанына айыпты болғаны үшін қызметтен қуылған-тын. Айдар Смағұловтың айтуынша, екі істің екі түрлі шешілуіне ауруханада бақылау кеңесінің жоғы себеп болған. «Заң бойынша бас дәрігерді тағайындау немесе қызметтен босату үшін бақылау кеңесінің келісімі болуы керек. Ақжар аудандық ауруханасында бас дәрігер қызметтен босатылған кезде сол кеңестің келісімі болмай шыққан. Ал Мамлют аудандық ауруханасында мұндай кеңес мүлдем құрылмаған. Осындай процедуралық жайтқа назар аудару керек», – дейді Айдар Әскербекұлы.

Бұған дейін Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры да орынтағын даулап, сотқа жүгінген. Алдымен жеңіліп, ал Жоғарғы Сотта жеңіп шыққанына да процедуралық тәртіптің бұзылғаны себеп болған. Атап айтқанда, ректорды жұмыстан шығарып жіберу үшін кәсіподақтың уақытылы келісімі болмаған.

Жалпы, соттың мәліметінше, кәсіподақ ұйымы құрылған ұжымдарда туындаған даулар сотқа жетпей-ақ шешіледі екен.

КӘСІПОДАҚ НЕ ДЕЙДІ?

Облыстық кәсіподақтар орталығы жанынан құрылған «Татуласу орталығының» жетекшісі Людмила Голенкованың айтуынша, бұл – кәсіподақтардың құқықтық жұмысының нәтижесі. «Жұмыс беруші тарапынан еңбек заңнамасының, ұжымдық келісімшарттардың, әлеуметтік келісімдердің сақталуын қадағалау, кәсіподақ мүшелерінің құқығы мен мүддесін қорғау, ақыл-кеңес беру, кәсіподақ қызметкерлерін оқыту – ұдайы жүргізілетін жұмыс. Облыстық сот пен кәсіподақтар орталығы арасындағы меморандумға сәйкес құрылған «Татуласу орталығы» еңбек ұжымдарында түрлі кездесу, семинар, конференция өткізіп тұрады, сондай-ақ еңбек даулары туындай қалса, оларды шешуге атсалысады. Келісім комиссиялары мүшелерін оқыту да біздің мойнымызда. Биыл еңбек заңнамасына қатысты 360 арыз-шағым қаралды», – дейді Людмила Петровна. Мәселен, «штатты қысқартуға орай еңбек шартын бұзу туралы ескерту уақытынан бұрын берілді» деп шағымданған жұмысшы мен жұмыс беруші арасында кәсіподақтың араласуымен келіссөз жүргізіліп, оған қызметтік еңбекақысы мөлшерінде жәрдемақы төленген соң тараптар татуласқан. Пандемия кезінде жұмысын тоқтатқан бюджеттік ұйымның басшысы жұмысшыларына минималды еңбекақы 42 500 теңге төлегеніне келіспегендер де кәсіподақтан араша сұрапты. Нәтижесінде, жұмысшылардың еңбекақысы сақталып, қалпына келтірілген.

ДАУ МЕН КИКІЛЖІҢНІҢ АРАЖІГІ

Отставкадағы судья, заң ғылымдарының кандидаты, «Атамекен» облыстық кәсіпкерлер палатасы жанындағы кәсіпкерлердің құқығын қорғау кеңесінің басшысы Инесса Қуанова заңгерлік тұрғыдан қарағанда еңбек дауы мен еңбек ұжымындағы кикілжің – екеуі екі бөлек нәрсе және оларды шешудің арасындағы айырмашылық жер мен көктей деген пікірде. Оның пікірінше, ең алдымен еңбек ұжымында туындаған кез келген кикілжіңнің тамырына балта шабуға тырысқан абзал. «Өйткені сотта қаралған іс нәтижесінде дау шешілгенімен, кикілжің сол қалпында қалуы мүмкін. Менің тәжірибемде жұмыстан заңсыз шығарылғаны үшін сотқа үш рет жүгініп, жұмысына үш рет қайта орналасқан адамның ісі болды. Бұл еңбек дауы шешілгенімен, кикілжің тарқаған жоқ деген сөз. Себебі сот шешіміне екі тараптың бірі риза болмайды. Сондықтан мәселені келіссөз, диалог, арбитраж, медиация сияқты жолдармен шешуге тырысқан жөн. Ұжымдағы кез келген қақтығысты қоғам теріс құбылыс деп бағалайды. Шын мәнінде, мұндай жағдай дамып-жетілуге септігін тигізеді. Жұмысшы мен жұмыс берушінің арасында ешқандай кикілжің туындамауы мүмкін емес. Өйткені олардың мүдделері әртүрлі, әрі жұмыс берушінің ресурсы шектеулі. Дегенмен еңбек дауларын азайтуға тырысуымыз қажет. Онда да оларды бұқтырмай, тараптарды қанағаттандырарлықтай бейбіт жолмен шешкен дұрыс», – дейді бұрынғы судья Инесса Қуанова.

Бұл мақсатта кәсіподақтар орталығы мен «Атамекен» палатасы бірлесіп, түрлі семинар ұйымдастырады. Биыл өткізілген 15 оқыту семинарына өндірістік кеңес және келісім комиссияларының мүшелері, еңбек инспекторлары, кәсіподақ комитеттерінің төрағалары мен мүшелері, барлығы 400 адам қатысқан. Бүгінде Солтүстік Қазақстан облысында 64 мыңнан астам адам кәсіподаққа мүше, 1 200-ден астам бастауыш кәсіподақ ұйымы жұмыс істейді. Ал еңбек даулары болған ұжымда кәсіподақ ұйымы жоқ болып шықты.

Жұмысшы өз құқығын қорғау үшін ең алдымен өзіне сеніп, ұжымдық және еңбек келісімшарттарын мұқият зерделегені жөн. Қиын жағдай туындай қалса, өзін қорғайтын ұйым бар екенінен хабардар болғаны абзал. Солардың көмегімен мүмкіндігінше істі сотқа жеткізбеуге тырысқаны дұрыс. Бірінші сатыдағы сотта талап-арызы қанағаттандырылмаса, салы суға кетіп, қолын бірақ сермейтін жұмысшылар да қателесетінін тәжірибе көрсетіп отыр. Кей жағдайда істердің әділ нүктесін Жоғарғы Сот қоятынына куә болып отырмыз. Бірақ оған барлығының бірдей жүйкесі шыдай ма?

Солтүстік Қазақстан облысы

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы Б.Саттарханов даңғылы №29 мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» регламентінің 20-бабы ашық конкурс негізінде Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-не қарасты Шымкент қаласы Желтоқсан көшесі №20 мекенжайда орналасқан 5 қабатты ғимаратқа ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуді сатып алу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын жұмыстың басталу және аяқталу мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күнінен бастап әлеуетті өнім беруші сметалық құжаттамаға сәйкес жұмысты бітіруі тиіс.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұраймыз:

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын тауарды жеткізу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;
3. Әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;
4. Әлеуетті өнім беруші тауардың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында олардың үлгілерін, каталогтерін немесе суреттерін өткізуі тиіс.
5. Әлеуетті өнім беруші ҚҚС төлеуші болса сатып алынатын тауарлар бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚҚС қарастыру керек.
6. Конкурсқа қатысуға және шарттық кепілдік ретінде конкурсқа жарияланған жалпы сомасының кем дегенде 5 пайызы (%) мөлшерінде мына есепшотқа аударылуы талап етіледі: Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ мекемесі, БСН-990440008043, БСК-HSBKKZKX, ЖСК-KZ436010291000010707, Кбе-16, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ немесе банктік кепілдік берілуге рұқсат.
7. Сатып алынатын тауарға кепілдік мерзімі 12 ай болу міндетті.

Сатып алынатын «Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-не қарасты Шымкент қаласы Желтоқсан көшесі №20 мекенжайда орналасқан 5 қабатты ғимаратқа ағымдағы жөндеу жұмыстарын» тізімі мен келісімшарт үлгісін Түркістан қаласы Б. Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 17.08.2021 сағат 15.00

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты: Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинетте қабылданады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы Б.Саттарханов даңғылы №29 мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» регламентінің 20-бабы ашық конкурс негізінде Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-не қарасты Шымкент қаласы Жандосов көшесі №92 мекенжайда орналасқан №2 қалалық клиникалық ауруханасының «Б» корпусы жертөлесін ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуді сатып алу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын жұмыстың басталу және аяқталу мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күнінен бастап әлеуетті өнім беруші сметалық құжаттамаға сәйкес жұмысты бітіруі тиіс.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұраймыз:

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын тауарды жеткізу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;
3. Әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;
4. Әлеуетті өнім беруші тауардың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында олардың үлгілерін, каталогтерін немесе суреттерін өткізуі тиіс.
5. Әлеуетті өнім беруші ҚҚС төлеуші болса сатып алынатын тауарлар бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚҚС қарастыру керек.
6. Конкурсқа қатысуға және шарттық кепілдік ретінде конкурсқа жарияланған жалпы сомасының кем дегенде 5 пайызы (%) мөлшерінде мына есепшотқа аударылуы талап етіледі: Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ мекемесі, БСН-990440008043, БСК-HSBKKZKX, ЖСК-KZ436010291000010707, Кбе-16, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ немесе банктік кепілдік берілуге рұқсат.
7. Сатып алынатын тауарға кепілдік мерзімі 12 ай болу міндетті.

Сатып алынатын «Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-не қарасты Шымкент қаласы Жандосов көшесі №92 мекенжайда орналасқан №2 қалалық клиникалық ауруханасының «Б» корпусы жертөлесін ағымдағы жөндеу жұмыстарының» тізімі мен келісімшарт үлгісін Түркістан қаласы Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 17.08.2021 сағат 15.00

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты: Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинетте қабылданады.

Олимпиада қатысушыларына композиция арнады

Қазақ және жапон әртістері Токиода өтіп жатқан Олимпиадаға орай достық, келісім және өзара қолдауға арналған бейнеролик жариялады.

Бейнероликте Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының жеке орындаушылары Ержан Әлімбетов (домбыра), Федор Артамонов (виолончель), Б.Байқадамов атындағы Мемлекеттік хор капелласының әртісі Индира Құдабаева (вокал), STEPPE SONS альтернатив-фольк тобының белді мүшесі Мұратбек Раманқұлов және жапон музыканттары Юмико Фурухаши (моринхуур), Такеши Такеучи (электр бас), Тузан Хирано (сякухачи), Аи Ямагучи (вокал) бірігіп Рокусукэ Эйдің сөзіне, композитор Хатидай Накамураның музыкасына жазылған жапондық әнші Кю Сакамотоның әйгілі Ue o Muite Arukō (Sukiyaki) әнін орындап шықты. Бұл ән Жапонияда 1961 жылы дүниеге келген, бірнеше мемлекеттердің топ-чарттарында, соның ішінде американдық Billboard hot 100 чартында бірінші орынды иемденген.

Сонымен қатар музыканттар қазақтың «Көзіңнің мөлдірінай» атты халық әнін нақышына келтіріп орындады. Жоба музыканттардың композицияға қазақ және жапон халықтарының көне музыкалық аспаптарын пайдалануымен және әннің түпнұсқа тілінде орындалуымен ерекшеленген. Бейнероликте екі мемлекеттің айрықша табиғаты мен көне салт-дәстүрлері көрсетілді. Композицияның негізгі идеясы – халықтар арасындағы өзара байланысты орнату және қолдау көрсету.

Н.СӘРСЕНҒАЛИҰЛЫ

Елдос Сметовке көлік сыйлады

Токио Олимпиадасының қола жүлдегері, дзюдошы Елдос Сметов Қазақстанға оралды. Оны Алматы әуежайынан жанкүйерлері мен туған-туыстары күтіп алды.

Әуежайда спортшыны күтіп алған азаматтар оған алғыс айтып, сәттілік тіледі әрі жанкүйерлер атынан «Мерседес» көлігінің кілті табыс етілді.

Токио Олимпиадасында дзюдода 60 келі салмаққа дейінгі спортшылар арасында өнер көрсеткен Е.Сметов қола жүлдеге ие болды. Ол – қазақстандық дзюдошылар арасынан екі мәрте Олимпиада жүлдегері болған алғашқы спортшы. Токио Олимпиадасында Елдос Сметов жартылай финалда Наохиса Такатодан жеңіліп, қола медаль иеленді.

Нұрбек БАҚЫТ

Саяси қуғын-сүргін құрбандары зерттеліп жатыр

Шығыс Қазақстан облысында саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бойынша 26 мұрағат қоры зерттеліп жатыр.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың арнаулы Жарлығымен Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толықтай ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылған болатын. Оның жүйелі жұмысын ұйымдастыру үшін еліміздің барлық аймағында өңірлік комиссиялар өз жұмысын бастаған еді.

«Комиссия мүшелері 10 бағыт бойынша жұмыс істеп жатыр. Порталдың ішкі бөлігіне мыңнан астам адамға арналған сауалнамалар енгізілді. Сондай-ақ 33 қордағы жабық мәліметтер жарияланды. Қазір ғалымдар мен мұрағатшылар осы бағыттағы жұмыстарды жалғастырып жатыр», – деді ШҚО әкімінің орынбасары Азамат Мухамедчинов.

Саяси қуғын-сүргіннің ақталмаған құрбандарын іздеудің электронды базасы әзірленіп, толтырылып жатыр. Бұл қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтар туралы мәліметтерді бір арнаға жинауға мүмкіндік береді.

Н.ОРАЗҒАЛИ

Ыстыққа да шыдай алмады

Токио Олимпиадасындағы теннисшілеріміздің жағдайы мәз емес. Ерлер арасында Михаил Кукушкин екінші кезеңнен ары аса алмады. Ал әйелдер арасында сынға түскен үш бірдей теннисшіміз бірінші кезеңді орта жолдан аяқтады. Байрақты бәсекеде ел сенім артқан Зарина Дияс, Юлия Путинцева және Ярослава Шведова жазғы Олимпиада ойындарындағы антирекордты жаңартты. Ойыннан бас тартты.

Абылайхан ЖҰМАШ

Енді отандық жанкүйерлер теннистен Қазақстан әйелдер командасының Токио Олимпиадасында қалған жалғыз өкілі Елена Рыбакинаның тілеуін тілейді. Әзірге отандасымыздың көрсеткіші жаман емес. Үш ойында да қарсыластарына үстемдік танытып, ширек финалға жолдама алды. Осы қарқынын жоғалтпаса, жүлдегерлер қатарынан көрінуге мүмкіндігі бар.

Айта кетейік, теннистен әйелдер арасындағы турнирдің бірінші айналымына 64 теннисші қатысты. 32 матчтың үшеуі ғана уақытынан бұрын аяқталды. Алдымен Зарина Дияс бірінші сетте чех Барбора Крейчиковадан 2:5 есебімен жеңіліп жатып матчты жалғастырудан бас тартты. Отандасымыздың жарыс кезінде ескі жарақаты сыр беріпті. Артынша Путинцева да аргентиналық Надия Пороросшкамен кездесуді ерте аяқтады. Бірақ Юлия бірінші сетте 6:7 есебімен жеңілгенімен, екінші сетте 3:1 есебімен алда тұрған. Соған қарамастан ол жарысты жалғастыруға құлықты емес екенін жеткізген. Шведова да қарсыласына шамасының жете алмасын сезді ме, жоқ жанын қинағысы келмеді ме, әйтеуір ол да австралиялық Айла Томляновичке қарсы матчта 5:7, 2:3 есебімен жеңіліп жатқан тұста күннің ыстығын сылтау етіп, жарысты жалғастырмайтынын айтыпты.

Бұл тұста теннисшілердің жарыс аяқталғанда айтқан сөздеріне қысқаша тоқтала кетейік.

– Ауа райы өте ыстық болды. Тыныс алуым қиындады. Екінші сет барысында ойын ырғағына түскен кезде басым ауырды. Дәрігер шақырдым. Ыстықтан қан қысымым көтеріліп кеткен екен. Сондықтан матчты жалғастырудан бас тарттым, – деді Путинцева.

Ал Зарина Дияс Токио Олимпиадасына аяғының жарақатына қарамастан қатысқанын айтыпты. Бұл туралы спортшы федерацияның баспасөз қызметіне берген сұхбатында мәлімдеді.

– Өкінішке қарай, кездесуді тоқтатуға тура келді. Өткен аптада Лозаннадағы турнирде аяғымды жарақаттап алдым. Біраз емдеген соң, жақсы болып қалғанмын. Бүгінгі кездесу кезінде аяғым қайтадан қатты ауыра бастады. Сол себепті турнирді жалғастыра алмадым. Олимпиаданың мен үшін дәл осылай аяқталғаны өкінішті, – деді Зарина.

Теннистен құрама капитаны Ярослава Шведова жарыстан неліктен бас тартқанын былайша түсіндіріпті.

– Өз-өзіме енді келіп жатырмын. Өкінішке қарай, кездесу жеңіліспен аяқталды. Жақсы ойнап, тырысқан сияқтымын. Бәрі жаман емес еді, алайда бірінші сеттің аяғына қарай ыстыққа шыдау мүмкін болмады. Күннің ыстығы қатты әсер етті. Сонда да тоқтамай, бірнеше гейм ойнауға тырыстым. Бірақ жағдайым нашарлап, аяғымды сезбей қалдым. Ойынды тоқтатқым келген жоқ, ең соңына дейін ойнағым келді. Бірақ 3:2 есебімен алда тұрғанымда бәрі қиындай түсті. Мен соңына дейін ойнай алмайтынымды сездім. Юлия мен Зарина да ойыннан бас тартқан соң, барынша соңына дейін барғым келді. Ойыным жақсы жүріп жатса да, жағдайдың осындай болғаны өкінішті, – депті Шведова.

Біз мән-жайды білмек болып Қазақстан Теннис федерациясына хабарласқан болатынбыз. Қазақстан Теннис федерациясының вице-президенті Юрий Польский үш теннисшінің жарыс кезіндегі сәтсіздігін былайша түсіндірді.

– Заринаның жарыс кезінде аяғынан алған ескі жарақаты сыр берді. Олимпиада алдында отандасымыз жарақат алған болатын. Сондықтан оның соңғы сәтке дейін Токиоға бару-бармауы белгісіз болды. Заринаның жағдайы қалыпқа келгеннен кейін ол жарысқа баратын болды. Өкінішке қарай, бірінші сетте қарсыласының соққысын қайтару барысында аяғын ауыртып алды. Сол себепті турнирмен ерте қоштасуға мәжбүр болды. Оның үстіне, Зарина алғашқы айналымнан-ақ мықты қарсыласқа тап болды. Путинцева мен Шведовада қос теннисшіге күннің ыстығы, ауа райының қолайсыздығы қатты әсер етті. Юлия тартысты өткен бірінші сетте қарсыласына есе жібергенімен, екінші сетте 3:1 есебімен алда тұрған. Алайда ыстықтан спортшы өзін жайсыз сезініп, жарысты жалғастыра алмады. Әлемнің бірінші теннисшісі Эшли Бартидің өзі де ыстықта сәтті өнер көрсете алмай, бірінші айналымда қарсыласынан жеңіліп қалды. Көптеген теннисшілер ауа райының қолайсыздығын айтып шағымданып жатыр. Энди Маррей де алдын ала сезгендей жарысқа қатыспайтынын айтқан болатын. Аптап ыстықта далада ойнау оңай емес. Шведова бірінші сетте 5:5 есебімен тең ойнап жатқан кезде күннің ыстығынан әлсіреп кеткенін, аяғы қимылдамай қалғанын айтты. Бұл жарыс түрін өзге спортпен салыстыруға болмайды. 10-15 минуттық спринттік жарыс емес немесе залда өтетін жарыс емес, сыртта күннің ыстығында ойнауға тура келеді. Сондықтан теннисшілерге 1,5-2 сағат далада ойнау оңай болмай тұр, – деп жауап берді Юрий Польский.

Өз кезегінде спорт журналисі Фараби Әбдіхалық жарыс кезінде қанша ыстық болса да, бәріне бірдей жағдай жасалғанын, бірақ тек Қазақстанның атынан сынға түскен теннисшілердің бірінен соң бірі жарысты жалғастырудан бас тартқаны үлкен күмән туғызып отырғанын айтады.

Ал әлеуметтік желі қолданушыларының бірі «бұл жұптасып өнер көрсетуде бас тартқаннан кейін басталған командаішілік кикілжің сияқты» деген пікірін білдірген екен. Бұл сөздің де жаны бар секілді. Жалғыз Елена Рыбакина ғана жанын салып ойнап жүр. Олимпиададан жүлделі оралсам деп әр ойынын жоғары деңгейде өткізіп жатыр.

Кім не десе де, басқа теннисшілерден қайыр болмады. Ендігі бар үміт Еленада.

Қазақ боксы үшін сәтсіз күн

Токиода Олимпиадасының кезекті жарыс күні аяқталды. Қазақстан қоржынына бұл күні бірде-бір жүлде түспеді. Бәрінен бұрын екі бірдей боксшымыздың алғашқы айналымда-ақ жеңілуі көптің еңсесін түсіріп жіберді.

Күнде қоржынға «қола» түсіп, алтын мен күміс жүлдені боксшыларымыздан күтіп жүргенімізде, екі қазақстандық былғары қолғап шебері бір күнде жарыс жолынан шығып қалды. Төрт Олимпиада қатарынан 69 келі «қазақ салмағы» деген атаққа ие болған еді. Өкінішке қарай, осы салмақта жұдырықтасқан Абылайхан Жүсіпов АҚШ өкілі Деланте Джонсоннан айла асыра алмады. Үш раунд қорытындысы бойынша 1:4 есебімен жеңіліп, жарыс жолынан шығып қалды.

Араға бір жарым сағат салып 91 келіге дейін салмақтағы боксшымыз Василий Левит шаршы алаңға көтерілген. Бразилия жеріндегі Олимпиадада күміс жүлде алған 33 жастағы тәжірибелі спортшы, испаниялық Энмануэль Рейес Пламен қолғап түйістірді. Алғашқы раунд тең дәрежеде өтіп, қапталдағы төрешілер жеңісті қарсыласқа берді. Бар шеберлігін келесі раундтарда паш етеді деп үміттеніп отырған жанкүйерлердің көңілі су сепкендей басылды. Василий екінші раунд басында нокаутқа түсіп қалды. Риодағы бәсекесінде отандасымыз финалда Тищенконы жеңіп тұрып жеңілген болатын. Осы жолы Токио Олимпиадасында сол олқылықтың орнын толтырып, алтын ала ма деп сенім артқан Левитіміздің шама-шарқы алғашқы жекпе-жегінде-ақ белгілі болды. Ал Абылайхан Жүсіпов жайында Олимпиада алдында көптеген сыни пікір айтылған болатын. Бірақ оның 69 келі салмақта елімізге жүлдесіз оралатынын ешкім күтпеді.

Дегенмен о баста бокстан Қазақстан командасының бас бапкері Ғалымбек Кенжебаев Олимпиада ойындарындағы жеребеге қатысты өз пікірін білдірген тұста: «Қарсыластан үнемі тосынсый мен күтпеген жауаптар болуы мүмкін. Біз барлық тосынсыйларға дайынбыз» деп айтқан болатын.

Осылайша, тәжірибелі екі боксшымыз Токиода сәтсіз өнер көрсетіп, жүлдесіз қалды. Ерлер арасында Олимпиадада алты қазақстандық боксшы қалды. Енді жарыс жолына 57 келі салмақ дәрежесінде Серік Теміржанов пен 81 келі салмақ дәрежесінде Бекзат Нұрдәулетов шығады. Ал әйелдер арасындағы сынға түсетін жалғыз қазақстандық боксшы Надежда Рябец 75 келіде алғашқы кездесуін өткізеді.

Әбілмансұр ЖАСАН

NUR MEDIA AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Бас редактор – Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Амангелді ҚҰРМЕТ – Бас редактордың бірінші орынбасары
Гүлзина БЕКТАС – шығарушы редактор
Асқар БЕК – веб-сайт редакторы
Елдар ҚАБА – секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Тұрсын ЖҰМАБЕККЫЗЫ – Атырау облысы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Нұрсұлтан ҚАЗБЕКОВ – Қызылорда облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-18, 8 (777) 241-47-75, 8 (707) 454-43-53
byurukpayeva@liter.kz
reklama@liter.kz

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-11, (708) 270-79-97
saidinova@liter.kz
bekkozhayeva@liter.kz

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №3967
Алматы қ. «Дәуір», Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Нұр-Сұлтан қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Абылайхан ЖҰМАШ